

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	4
I. МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ АХУАЛДЫҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ	8
1.1. Болжамның алғышарттары	8
1.2. Базалық сценарий бойынша экономикалық даму серпіні	14
1.3. Болжамның балама сценарийлері	17
1.4. Орта мерзімді перспективадағы тәуекелдер	18
II. АҚША-КРЕДИТ САЯСАТЫ	21
2.1. Базалық мөлшерлеме бойынша шешімдер	21
2.2. Ақша ұсынысы және ақша нарығы	21
2.3. Валюта нарығы	23
2.4. Қор нарығы	25
2.5. Депозит нарығы	26
2.6. Кредит нарығы	28
III. МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР	31
3.1. Сыртқы сектор	31
3.2. Ішкі экономиканы дамыту	32
3.3. Еңбек нарығы	39
3.4. Инфляция	41
3.5. Фискалдық саясат	47
НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР МЕН ҰҒЫМДАР	50
БОКСТАР	
1-бокс. Әлем таргеттен жоғары	11
2-бокс. Нақты сектор қалпына келді ме?	34
3-бокс. Банктердің қарыз алушы кәсіпорындарының қаржылық жағдайын бағалау	38
4-бокс. Жылжымайтын мүлікті жалға беру нарығын талдау	45



Ақша-кредит саясаты туралы баяндама Ұлттық Банктің тоқсандық басылымы болып табылады, онда инфляцияға әсер ететін негізгі макроэкономикалық факторлардың талдауы, сондай-ақ макроэкономикалық өлшемдердің қысқа мерзімді және орта мерзімді перспективадағы болжамы қамтылады.

Құжат Ұлттық Банктің ресми интернет-ресурсында қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде электрондық нұсқада жарияланады.

Макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамы және талдауы **2021 жылғы 1 желтоқсандағы** жағдай бойынша статистикалық ақпарат негізінде дайындалды.

КІРІСПЕ

Коронавирустың қайта өршуіне қарамастан, әлемдегі іскерлік белсенділік қалпына келуде. Өнеркәсіп қызметтерге қарағанда баяу қарқынмен өсуде. Өнеркәсіптік өндіріс бұрынғыдай жеткізілім тізбегінің бұзылуымен, энергия бағасының тез өсуімен, сондай-ақ материалдар мен жұмыс күшінің жетіспеушілігімен шектеледі.

Қазақстанның сауда әріптестерінің қалпына келу өсімі негізінен 2021 жылы іске асырылуда. ЖІӨ өсуінің неғұрлым жоғары ағымдағы қарқынын және жеткізілімдердің іркілістерін сақтау жөніндегі күтулерді ескере отырып, болжамды кезеңдегі сауда әріптес елдердегі экономикалық белсенділіктің серпіні төмендеу жағына қарай қайта қаралды. 2022 жылы Ресей мен Қытайдағы экономикалық белсенділіктің әлеуетті деңгейлерге дейін баяулауы күтілуде, бұл ретте ЕО-да экономиканың өсу қарқыны 4%-дан жоғары қалыптасатын болады.

Нарықта байқалған сұраныс пен ұсыныс арасындағы теңгерімсіздік, жаһандық жеткізілім тізбегіндегі проблемалар, сондай-ақ материалдардың жетіспеушілігі жаһандық инфляциялық фонды күшейтеді. АҚШ-та тұтыну шығыстарының дефляторы 2021 жылдың қазан айында соңғы отыз жыл ішінде рекордтық мәнді көрсетті, жылдық мәнде 5,0% - ға дейін жылдамдады (мақсатты деңгей – 2%). Қытайда жылдық инфляция 2021 жылдың қазан айында 1,5%-ға дейін жеделдеді. Жеделдету жеткізілім мен логистикалық проблемалардың бұзылуының сақталуына, COVID-19-ның қайта таралуына және энергия бағасының жоғары өсуіне байланысты. 2021 жылдың қазан айында Еуропада тұтыну бағаларының өсуі 4,4%-ға дейін өсіп, соңғы 13 жылдағы максималды мәнді көрсетті. ЕО-да бағаның айтарлықтай өсуінің негізгі себептерінің арасында, әлемнің көптеген елдеріндегідей, ішкі сұраныстың белсенді қалпына келуін, энергия ресурстары мен азық-түліктің жаһандық қымбаттауын, 2020 жылы инфляцияның төмен базасын бөліп көрсетуге болады. ЕО-дағы инфляция болжамдары өткен тоқсандағы бағалармен салыстырғанда өсу жағына қайта қаралды, Қытай бойынша – төмендеді.

Ресейдегі инфляция 2021 жылғы қазанда 8,1% (Үрді: қарашада – 8,4%) деңгейінде қалыптасып, жоғары деңгейде қалып отыр. Ресейдегі инфляция динамикасының жоғарылауы тұтынушылық сұраныстың кеңеюімен, ұсыныстың баяу өсуімен, егін жинаудың нашарлауымен, шикізаттың әлемдік бағасының өсуімен және инфляциялық күтулердің жоғарылауымен бірге жүреді. 2021 жылғы қазанда болған елеулі проинфляциялық қысым аясында Ресей банкі 2021 жылдың соңындағы инфляция болжамын 5,7-6,2%-дан 7,4-7,9%-ға дейін көтерді. Инфляцияның қысқа мерзімді болжамын қайта қарау негізгі мөлшерлеменің 7,5%-ға дейін 0,75 п.п. артуымен қатар жүрді .

ФАО азық-түлік бағаларының индексі қарашада айлық мәнде 1,2%-ға өсіп, 2011 жылғы маусымнан бастап ең жоғары деңгейге жетті.

Сонымен бірге инфляцияның жеке сыртқы факторлары кейбір тұрақтанудың белгілерін көрсетеді. 2021 жылдың қарашасында Baltic Dry Index қазан айындағы ең жоғары деңгейден төмендеді. Алайда, бұл 2020 жылғы мамырдағы деңгейден 6 есе жоғары.

Әлемдік мұнай нарығында бағаның ұзақ өсуінен кейін белгілі бір түзету байқалады. Қараша айының соңында–желтоқсанның басында коронавирустың жаңа штаммының таралуына байланысты баға бір баррель үшін 65-66 АҚШ долларға дейін төмендеді. Нарықтағы құбылмалылықтың өсуіне әсер ететін белгілі бір оқиғалардың пайда болуына қарамастан, тәуекелдер балансы нашарлау жағына ауыспайды. Ағымдағы жылғы 2 желтоқсанда ОПЕК+ отырысында өндіруді тәулігіне 400 мың баррельге жоспарлы ұлғайтуды көздейтін мәміленің ағымдағы параметрлерін сақтау туралы шешім қабылданды. Ағымдағы жағдайды және халықаралық ұйымдардың болжамдарын ескере отырып, "2021 жылғы қараша-желтоқсан" болжамдық раундында экономиканың базалық дамуы ретінде мұнай бағасы бір баррель үшін 70 АҚШ доллары қарастырылды.

Қазақстандағы экономикалық белсенділік оң динамиканы көрсетуді жалғастырды. 2021 жылғы он айда ЖІӨ өсімі жылдық мәнде 3,5%-ды құрады. Тау-кен өнеркәсібінің жинақталған өсу қарқыны өткен жылдың ортасынан бастап алғаш рет өсу аймағына шықты. Өткен жылғы базаның төмендігі жағдайында экономика салаларының басым бөлігі оң динамиканы көрсетіп отыр. Қазіргі уақытта ЖІӨ-ге тек ауыл шаруашылығы және басқа да қызмет түрлерін ұсыну теріс үлес қосады. Ауыл шаруашылығының қысқаруы астық өнімділігінің төмендігіне байланысты.

Тұтынушылық сұраныстың қалпына келтіру динамикасы жалғасуда. Бөлшек тауар айналымының оң динамикасы сақталуда. Бұл ретте азық-түлік емес тауарлар тауар айналымының өсуі тұтынушылық кредиттеудің жедел өсу қарқынымен қатар жүреді. Тұтынушылық белсенділіктің артуын көрсететін қосымша фактор-бұл халықтың табысының оң динамикасы. Бұған жылжымайтын мүлік, өнер және басқа да қызметтерді қоспағанда, экономиканың барлық салаларында жалдамалы жұмысшылардың нақты жалақысының жоғары өсу қарқыны ықпал етеді.

Қазіргі уақытта жалпы инфляцияның баяулау белгілері байқалады. 2021 жылғы қарашаның қорытындысы бойынша Қазақстанда жылдық инфляция біршама баяулады және ағымдағы жылғы қазандағы 8,9%-бен салыстырғанда 8,7%-ды құрады, дегенмен, байқалған динамиканың тұрақтылығына қатысты, оның ішінде коронавирустың жаңа штаммы-омикрон пайда болуы аясында жоғары белгісіздік бар.

Жалпы инфляцияның төмендеуі азық-түлік тауарларына бағаның 11,3%-дан 10,9%-ға дейін және ақылы қызметтерге бағаның 6,9%-дан 6,4%-ға дейін өсуінің баяулауымен байланысты болды. Азық-түлік құрамдас бөлігінің өсуінің баяулауына ай сайынғы динамиканың тұрақтануы және өткен жылдың жоғары базасы жағдайында майлар мен тонмайларға, қантқа және жұмыртқаға арналған дезинфляция айтарлықтай үлес қосты. Бұл ретте 2021 жылғы қарашада нан-тоқаш өнімдері мен жармаларға, ет өнімдеріне бағаның өсуі жалғасты, бұл өндірушілер шығындарының өсуіне, дәнді дақылдардың жалпы түсімінің төмендеуіне байланысты.

2021 жылғы қарашада ЖЖМ, қатты отын бағасының өсуінің жалғасуы нәтижесінде жылдық азық-түлік емес инфляция 7,8%-дан 8,3%-ға дейін жеделдеді. ЖЖМ тұтыну бағасының жылдық өсімі 22,3% (айлық өсім – 4,3%) құрады: бензин құны 18,4%-ға (2,4%), дизель отыны – 46,6%-ға (14,6%) өсті. Отынның қымбаттауы өндірушілер бағасының өсуі жағдайында орын алады.

Ақылы қызметтер бағасының жылдық өсу қарқыны 2021 жылғы қарашада 6,4%-ға дейін баяулады. Бұл коммуналдық қызметтерге, тамақтану қызметтеріне, шаштараздар мен жеке қызмет көрсету орындарына бағаның өсуінің баяулауына байланысты. Сонымен қатар, тұрғын үйді жалға алу тарифтерінің өсуі жеделдеді.

Ұлттық Банктің бағалауы бойынша, соңғы айларда тұтыну бағаларының маусымдық тазартылған аннуализацияланған өсуі 2021 жылғы қарашада 5,6%-ды (қазанда – 7,1%) құрап, маусымдағы ең жоғары мәннен баяулауды көрсетеді. Аннуализацияланған базалық инфляцияның айлық бағалары инфляциялық процестердің қатарынан екінші ай бойы 4-6% нысаналы дәліз шегінде қалыптасуын айғақтайды. Тұрақты компоненттердің динамикасы 2021 жылдың желтоқсанында және 2022 жылы мақсатты дәлізде қалай бекітілетіні маңызды.

Алдыңғы болжамды раундпен салыстырғанда инфляцияның қысқа мерзімді болжамдары айтарлықтай өзгерістерге ұшыраған жоқ. 2021 жылдың қорытындысы бойынша инфляция 8,5-8,7% шегінде қалыптасады деп күтілуде. Үкімет пен жергілікті атқарушы органдар 2021-2024 жылдарға арналған инфляцияға қарсы ден қою шаралары Кешенін одан әрі тиімді іске асырған кезде инфляция болжамды диапазонның төменгі шегіне жақын қалыптасатын болады. Азық-түлік емес тауарлар бағасының өсуін жеделдету азық-түлік өнімдеріне инфляцияның баяулауымен теңестіріледі. Жанар-жағар майдың қымбаттауын, электр энергиясы бағасының өсуін және инфляциялық күтулердің жоғарылауын ескере отырып, инфляция жоғары деңгейде қалыптасуды жалғастырады. Орта мерзімді кезеңде Қазақстанның сауда әріптес елдерінде алдыңғы бағалармен салыстырғанда неғұрлым жоғары инфляция байқалатын болады. Бұл Қазақстанның сауда серіктес елдерінде инфляцияны арттыру жағына қайта қараумен және сыртқы азық-түлік бағаларының неғұрлым жоғары динамикасымен байланысты. Екінші жағынан, шығарылымның неғұрлым шектеулі траекториясы сыртқы факторлардың инфляцияның орта мерзімді траекториясына әсерін өтейді. 2022 жылдың соңына қарай инфляцияға қарсы ден қою шаралары Кешенін тиімді іске асыруды жалғастыру және 2021 жылдың жоғары базасының шығуы жағдайында жылдық инфляция 6,0-6,5% - ға дейін баяулайды.

Алдыңғы болжамды раундпен салыстырғанда шығарылымның алшақтығы траекториясы біршама төмендеу жағына қарай қайта қаралды. Бұл жиынтық сұраныс пен жалпы экономикалық белсенділік компоненттерінің болжамды динамикасының төмендеуіне байланысты. Дегенмен, болжамды кезеңде 2022 жылы ЖІӨ-нің өсу қарқынының шамалы жеделдеуі жағдайында шығарылым

айырмасының жоғарылау траекториясын одан әрі сақтау болжанып отыр. Орта мерзімді кезеңде шығарылымның алшақтығы нөлге жақын белгілерде болады.

2021 жылы 2020 жылғы базаның төмендігі аясында экономиканың қалпына келтіру өсімі 3,7-4,0%-ды құрайды. 2021 жылы ЖІӨ-нің өсу қарқыны алдыңғы бағалармен салыстырғанда өзгерген жоқ. 2022 жылы ЖІӨ-нің өсу қарқынын 3,9-4,2% - ға дейін жеделдету күтілуде. Бұл ретте орта мерзімді болжамдар аздап төмендеді, бұл Қазақстанның сауда әріптес елдеріндегі экономикалық белсенділік серпінін төмендету жағына қайта қараумен және алдыңғы бағалаулармен салыстырғанда жанандық және жергілікті жеткізу тізбектеріндегі іркілістердің экономикаға неғұрлым теріс әсер етуімен байланысты. Тұтынушылық сұраныс халықтың нақты кірістерінің, жалақының және тұтынушылық кредиттеудің күтілетін өсуі аясында өсуді жалғастырады. Инвестициялық сұраныс іскерлік белсенділіктің жалпы қалпына келуі аясында өсуді көрсететін болады. Оң сыртқы сұраныстың сақталуына және ОПЕК+ мәмілесі шеңберінде мұнай өндіру бойынша шектеулердің біртіндеп әлсіреуіне қарай экспорт оң өсу қарқынын көрсететін болады. Өз кезегінде импорттың ұлғаюы тұтынушылық және инвестициялық сұраныстың өсуіне байланысты болады.

Алдыңғы болжамды раундпен салыстырғанда тәуекел-бейіні тұтастай өзгерген жоқ, бұл ретте инфляцияның базалық сценарийден ауытқу тәуекелі жоғары болып қала береді. Ағымдағы жоғары деңгейлерде инфляциялық күтулердің сақталу тәуекелі, азық-түлік тауарларының жекелеген санаттарына, оның ішінде нан-тоқаш өнімдеріне, ұн мен етке, ЖЖМ бағасының өсуін жеделдеуі, сондай-ақ кезекті Covid-19 өршуі туындаған жағдайда жеткізу мен логистика жағдайының одан әрі нашарлауы елеулі болып табылады.

Сыртқы және ішкі экономикадағы ахуалды егжей-тегжейлі талдау, инфляцияның болжамды серпінінің нақты мәндерге сәйкестігі, сондай - ақ орта мерзімді перспективаға арналған негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің жаңартылған болжамдары негізінде 2021 жылғы 6 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақша-кредит саясаты жөніндегі комитеті базалық мөлшерлемені жылдық 9,75% деңгейінде +/- 1,0 п.п. пайыздық дәлізбен өзгеріссіз қалдыру туралы шешім қабылдады.



I. МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ АХУАЛДЫҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

I. МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ АХУАЛДЫҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

1.1. Болжамның алғышарттары

COVID-19 пандемиясы жаһандық экономиканың одан әрі дамуын алдын ала айқындауды жалғастыруда. Елдердегі жоғары инфляция, жаһандық жеткізілім тізбектеріндегі іркілістер, сондай-ақ коронавирустың қайтадан өршуі жуық болашақта біршама тежеуші ықпалын тигізеді деп күтілуде. Сонымен қатар, вакцинация жүргізуді жалғастырудың нәтижесінде және елдер былтырғыдай немесе биылғы жылдың басындағы сияқты ковидке қарсы қатаң шараларды енгізбеуі мүмкін, жаһандық экономикалық өсімнің күрт төмендеуі күтілмейді.

ХВҚ болжамы бойынша, 2021 жылы әлемдік экономиканың өсу қарқыны бұрынғыдан сәл төмен болады және 5,9%-ды құрайды. Бұл кейбір дамыған елдер бойынша жеткізу тізбегіндегі проблемаларға байланысты, сондай-ақ коронавирус ауруының өршуіне байланысты азиялық бірқатар елдер бойынша болжамдардың төмендеуімен түсіндіріледі. 2022 жылы болжам бойынша әлемдік экономика 4,9%-ға дейін баяулайды. COVID-19 пандемиясы аясында туындаған көптеген тауарлар бойынша сұраныс пен ұсыныс арасындағы теңгерімсіздік біраз уақыт сақталады деп күтілуде. Басқаларына қарағанда жеткізілімдерге және құрауыш бөліктерге көбірек тәуелді салалардағы өндіріс көлемі қысымға ұшырауын жалғастырады. Қызмет көрсету секторы өсудің жетекшілерінің бірі болады. Өз кезегінде, жинақталған жоғары жинақтар мен жалақының өсуі аясында тұтынушылық белсенділік жоғары болып қалады. Бұл ретте сұраныс жоғары бағамен және тауарлардың шектеулі таңдауымен біршама шектелуі мүмкін.


Болжам ауқымында пандемия белгісіздік факторын енгізуді жалғастыруда. Әлемдік экономиканың әлсіз даму тәуекелдері анағұрлым ұзақ кезеңге энергия тасығыштар мен шикізатқа жоғары бағалардың сақталуы, сондай-ақ жеткізу тізбектерімен проблемалардың шешімі табылмаған кезде күшеюі мүмкін инфляция тәуекелдерімен тығыз байланысты. Осы тәуекелдер іске асырылған жағдайда дамыған елдер күтілетін уақыттан бұрын ақша-кредит саясатын қалыпқа келтіруге көшуі мүмкін, бұл дамушы елдерден капиталдың әкетілуіне, қаржылық жағдайлардың қымбаттауына және валюта нарықтарындағы құбылмалылықтың артуына қауіп төндіреді. Экономикада кездесетін ағымдағы проблемалар салдарынан Қытай экономикасының әлсіз даму тәуекелдері де одан әрі даму үшін өзекті болып қала береді.

Consensus Ecs болжамы бойынша, ЕО экономикасы болжамдық кезең ішінде Франция мен Италия бойынша болжамдық бағалардың жақсару есебінен тұтастай алғанда бұрын болжанғанға қарағанда неғұрлым жылдам қарқынмен дамиды болады. Биылғы күзде болған коронавирустың қайталанған өршуін ескерсек те, Consensus Ecs 2021 жылға арналған болжамды 5,0% (ж/ж) дейін көтерді (2021 жылғы тамызда 4,6%, ж/ж болжанды). 2022 жылы күшті ішкі сұраныс, еңбек нарығындағы ахуалдың жақсаруының жалғасуы, қолайлы қаржылық жағдайлар, сондай-ақ мемлекеттік қалпына келтіру және орнықтылық бағдарламасын (RRF) одан әрі іске асыру өсудің жоғары қарқынын қолдайтын болады. Автомобиль өнеркәсібі мен құрылыс секторы жаһандық жеткізілім тізбектерінің, микрочиптердің жетіспеушілігіне және пайдаланылатын шикізатқа жоғары бағалардың жетіспеушілігіне байланысты тежеуші ықпал етуді жалғастырады. Осылайша, Consensus Ecs болжамына сәйкес 2022 жылы ЕО экономикалық өсімі 4,2% (ж/ж) құрайды (алдыңғы болжам 4,3%, ж/ж) (1-график).

Соңғы уақытта Қытай экономикасы коронавирустың қайта таралуына, электр энергиясының іркілісіне, өнеркәсіптік өндіріс қарқынының бәсеңдеуіне, жекелеген секторлардағы реттеудің күшеюіне, сондай-ақ Evergrande компаниясының проблемаларына қарай жылжымайтын мүлікке инвестициялардың төмендеуіне байланысты көптеген проблемаларға тап болды. Аталған факторлардың қысымымен 2021 жылы Қытай экономикасының өсу қарқыны бұрынғыдан төмен болады. 2021 жылға Consensus Ecs. болжамды 8,6%-дан (ж/ж) 8,0%-ға (ж/ж) дейін төмендетті. Көптеген ағымдағы проблемалар әлі де өз шешімін таппай жатқанын ескерсек, олардың келеңсіз әсері келесі жылға да ішінара таралуы мүмкін деп күтілуде. Осыған байланысты Consensus Ecs. 2022 жылы Қытайдың өсу қарқыны 2021 жылғы 8,0%-дан (ж/ж) 5,1%-ға (ж/ж) дейін баяулайды деп күтуде (2021 жылғы тамызда 2022 жылға арналған болжам 5,6%, ж/ж болды) (1-график). Мемлекет салықты төмендету, субсидиялар енгізу және бірқатар инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру арқылы неғұрлым қалыпты экономикалық өсуді қолдайды деп күтілуде. Сондай-ақ, қызмет көрсету және бөлшек сауда секторын одан әрі қалпына келтіру тарапынан да өсуге оң әсерін күтеді.


Ресей экономикасы бойынша 2021 жылға арналған болжамдар айтарлықтай жоғары бағаланады. Consensus Ecs болжамы бойынша экономиканың өсу қарқыны 4,2% (ж/ж) құрайды (алдыңғы болжам 3,8%, ж/ж болды). Болжамның жоғарлауы көбінесе әлемдік мұнай және газ нарығы конъюнктурасының жақсаруына, ОПЕК+ мұнай өндіруді шектеу туралы талаптарының жеңілдеуіне, елдегі инвестициялық және тұтынушылық белсенділіктің артуына байланысты. Сонымен қатар, биылғы күзде эпидемиологиялық ахуалдың нашарлауы, сондай-ақ астық түсімінің төмендеуіне байланысты өсу қарқыны күтілгеннен біршама төмен болуы мүмкін. Келесі жылы, болжам бойынша, Ресей экономикасы энергия тасығыштарға бағаның анағұрлым төмен болуы, қалыпты банктік кредиттеу және тұтынушылық белсенділіктің сәл ғана өсуі аясында әлеуетті мәндерге сәйкес деңгейде дамиды болады. Consensus Ecs. 2,6%-ға (ж/ж) өсуді болжайды (алдыңғы баға 2,8%, ж/ж болды) (1-график).

1-график. Нақты мәнде Қытай, ЕО, Ресей ІЖӨ өсу қарқыны*, ж/ж, %



Дереккөзі: Eurostat, National Bureau of Statistics of China, Росстат, Consensus Ecs.

2-график. Қытайдағы, ЕО-дағы, Ресейдегі инфляция, ж/ж, %



Дереккөзі: Eurostat, National Bureau of Statistics of China, Росстат, РФ Орталық банкі, Consensus Ecs., European Commission

ХВҚ-ның жаңартылған болжамдарына сәйкес, инфляция дамыған елдерде 2021 жылдың соңына дейін шыңына жетеді, бірақ одан кейін 2022 жылдың ортасына қарай пандемияға дейінгі деңгейіне қайта оралады деп күтілуде. Дамушы елдерде валюта бағамдарының әлсіреуі салдарынан азық-түлікке, мұнайға және импорттық тауарларға бағаның көтерілуінен инфляциялық қысым сақталады.

Consensus Ecs. болжамына сәйкес, энергия тасығыштарға (газ, мұнай, өнеркәсіптік металдар) бағаның өсуі нәтижесінде ЕО-да инфляциялық қысым, кем дегенде, ағымдағы жылдың соңына дейін сақталады деп күтілуде. Келесі жылы жеткізілімдер тізбегіндегі проблемалардың шешілуіне және нарықтағы ұсыныстың кеңеюіне қарай инфляциялық қысым біртіндеп қысқара бастайды. Мұнай бағасының күтілетін төмендеуі де қысымды төмендетуі тиіс. Нәтижесінде болжамды кезеңнің соңына қарай инфляция пандемияға дейінгі деңгейлерге қайта оралады (2-график).

Қытайда болжамды ауқымда тұтыну инфляциясы нысаналы көрсеткіштен төмен болып қалады (2-график). Өнеркәсіп өнімін өндірушілердің бағасының өсуіне байланысты таяу перспективада тұтыну тауарларын өндіріс салаларына көшіру әсері анағұрлым айқын болады деп күтілуде. Бұл ретте инфляция қысқа мерзімді жеделдеуі мүмкін. Алайда, бағаның күрт және ұзақ өсуі екіталай.

Ресейдегі инфляция да ЕО елдеріндегі сияқты тарихи ең жоғары мәндерді жаңарта отырып, күткеннен жоғары қалыптасады. Ағымдағы серпінді ескере отырып, Ресейдегі инфляция бойынша болжам да айтарлықтай көтерілді. Болжам бойынша, ағымдағы уақытша факторлар әсерінің таусылуына қарай және 2020 жылдың жоғары базасы аясында инфляция біртіндеп баяулайды деп күтілуде. Күтулер бойынша инфляция нысаналы көрсеткішке болжамды кезеңнің соңына қарай ғана жақындайды (2-график).

Ресей мен ЕО-да инфляция бойынша болжамдардың жоғарылауын ескере отырып, сауда әріптес елдер тарапынан Қазақстандағы тұтыну бағасына инфляциялық қысым болжамды кезең ішінде сақталады деп күтілуде.

Сыртқы монетарлық жағдайлар жағынан тәуекелдер де күшейе түсті. АҚШ ФРЖ-сы елде инфляциялық процестердің күшеюіне және неғұрлым нашар экономикалық өсім күтілуіне байланысты ақша-кредит саясатын қатаңдатуды күтілгеннен әлдеқайда ертерек бастауы мүмкін деп болжанады. Енді нарыққа қатысушылар 2023 жылдың ортасына дейін АҚШ ФРЖ-ның негізгі мөлшерлемесі кем дегенде үш рет көтерілуі мүмкін деп күтуде.


Көптеген дамушы елдер үшін, оның ішінде Қазақстан үшін де бұл нарықтардағы құбылмалылықтың күшеюі, капиталдың әкетілуі және валюталардың құнсыздануы тәуекелдеріне алып келеді.

1-бокс. Әлем таргеттен жоғары


COVID-19 пандемиясының ең жоғары экономикалық салдарының бірі инфляциялық аяның жаппай өсуі болды. Көптеген елдерде инфляция тарихи жоғары көрсеткіштерден асып түсті. Салыстыру үшін, АҚШ-та инфляция осы деңгейде шамамен 30 жыл бұрын, ал Еуропа Одағы елдерінде 13 жылдан астам уақыт бұрын болған.

Инфляциялық таргеттеуге өткен барлық дамыған және дамушы елдерде инфляциялық қысым күшеюі аясында инфляция нысаналы деңгейден асып түсті (1, 2-графиктер). Мәселен, дамушы елдер арасында 3%-дық таргет кезінде 2021 жылғы қазанда Грузиядағы инфляция 12,8%-ға дейін жеделдеді. Бразилия мен Ресейде 4%-дық таргет кезінде инфляция тиісінше 10,25%-ға және 8,1%-ға жетті. Инфляция ұзақ уақыт бойы нысаналы мәндерден төмен тұрған дамыған елдерде де пандемия аясында оның айтарлықтай асып кеткені байқалады (2-график). Қазіргі уақытта, дамыған елдер арасында АҚШ-та тұтынушылық инфляция барынша жоғарылардың бірі болып табылады.

1-график. Дамушы нарықтардағы инфляция серпіні (ж/ж)



2-график. Дамыған нарықтардағы инфляция серпіні (ж/ж)




Дереккөзі: Орталық банктер және Ұлттық статистика агенттіктері

Жаһандық деңгейде, тұтынушылық сұраныстың ұсыныстан тез өсуі қазіргі кездегі баға өсуінің негізгі көзі болды. Осыған байланысты, сондай-ақ жеткізіліммен байланысты проблемалар кеңеюі, материалдар мен персоналдың жетіспеушілігі аясында инфляциялық қысым күшейе түсті. Азық-түлік пен энергия тасымалдағыштардың әлемдік бағасы қымбаттауы инфляция өсуіне қосымша үлес қосты.

Елдер бойынша инфляция құрылымын қарастыра отырып, көптеген дамыған елдерде қатаң шектеу шаралары қолданылған кезеңде тамақтың, алкоголь сусындарының, коммуналдық қызметтер мен денсаулық сақтау қызметтерінің бағасы көтерілгенін атап өтуге болады. Қоғамдық тамақтану және

көлік қызметтерінің бағасы күрт төмендеді (алдыңғы дағдарыстарда кері көрініс байқалды: азық-түлік бағасы төмендеп, ал көрсетілетін қызметтер бағасы өсті). Карантин шаралары жеңілдеуіне қарай тұтыну шығындарының құрылымы өзгере бастады – көлік қызметтері, автокөлік жалдау, киім және қоғамдық тамақтану қызметтері қымбаттай бастады. Әлемдік бағалардың өсуі аясында энергия ресурстарының бағасы да айтарлықтай өсті. Мәселен, АҚШ-та осы топтың бағасы 2020 жылғы қазанда 30%-ға өсті, ж/ж (2019 жылғы желтоқсанда – 7,3%-ға төмендеді, ж/ж).

График 3. 2019-2021 жылдары орталық банктердің мөлшерлемелер серпіні



Дереккөзі: Орталық банктер және Ұлттық статистика агенттіктері

2020 жылы экономикалық белсенділікті қолдау мақсатында дамыған және дамушы елдердің орталық банктері негізгі мөлшерлемелерді төмендетті (3-график). 2021 жылы дамушы елдердегі жағдай жалпы дамыған елдердегі жағдайға ұқсас болды, алайда азық-түлік тауарларының бағасы өсуі айтарлықтай жоғары қалыптасты. Көкөністер мен жемістердің, балық пен теңіз өнімдерінің, сондай-ақ майлардың бағасы тез өскені байқалды. Азық-түлікке жатпайтын тауарлар арасында киімнің бағасы, ал көрсетілетін қызметте – көлік қызметтерінің бағасы айтарлықтай өскені байқалды.

Әлемдегі инфляциялық қысым артуына байланысты, дамушы елдердің орталық банктері негізгі мөлшерлемелерді көтере бастады (3-график). Дамыған елдердің бірнеше орталық банктері де мөлшерлемелерді көтеру цикліне көшті. Бұл елдердің арасында Оңтүстік Корея, Норвегия, Исландия, Чехия және Жаңа Зеландия бар. Жалпы алғанда, қазіргі уақытта 35-тен астам орталық банктер мөлшерлемені өсірді.

Әлемде инфляциялық процестердің одан әрі дамуына қатысты белгісіздік сақталуда. Алайда, коронавирустың кезекті штаммы пайда болуы және қазіргі инфляция факторларының орнықтылығы күтулерді біршама нашарлатты. АҚШ ФРЖ-сы енді ағымдағы жоғары инфляция бұрын болжанғаннан ұзағырақ болады деп күтуде. Осыны ескере отырып, ынталандыру шараларын қысқарту едәуір жеделдеуі мүмкін, бұл дамушы нарықтар үшін құбылмалылықтың қосымша тәуекелдерін туындатады.

Әлемдік мұнай нарығының даму перспективалары тұтастай алғанда оң күйінде қалып отыр. EIA Агенттігі мұнайға әлемдік сұраныс кем дегенде 2022 жылдың ортасына дейін күшті болады деп күтуде. Мұнайды ұсыну, өз кезегінде, неғұрлым қалыпты қарқынмен өседі. Нарықта мұнай тапшылығы басым болады. 2022 жылдың екінші жартысынан бастап мұнай ұсынысының өсуі сұраныстың өсуінен асып түседі, себебі ОПЕК+ қысқарту көлемін азайтады, ал ОПЕК-тен тыс елдерде өндірудің өсуі жалғасады. Бұрын қалыптасқан мұнай тапшылығы профицитке айналады, оның нәтижесінде бағаларға қысым көрсетіледі (3-график).

Халықаралық ұйымдардың мұнайға деген сұраныстың бұдан әрі серпініне қатысты болжамдары тұтастай алғанда алдыңғы болжамдарға сәйкес келеді. Ұйымдар жақын

болашақта мұнай нарығы профицит жағдайына ауысады деген пікірмен келіседі. Түсіндіретін факторлардың арасында коронавирустың қайта өршуі және өнеркәсіп секторында барынша төмен белсенділік аталады. Мұнайдың жоғары бағасы да өсуін баяулатады. Осылайша, халықаралық ұйымдардың бағалауы бойынша 2021 жылы мұнайды тұтыну тәулігіне орта есеппен 96-98 млн баррельді құрайды. 2022 жылы, күтулер бойынша, мұнайға деген сұраныс тәулігіне 99-100 млн баррельге дейін өседі (5-график).

Әлемдік мұнай өндіру бойынша болжамдар да елеулі өзгерістерге ұшыраған жоқ (5-график). Күтілгендей, ОПЕК-тен тыс елдер арасында 2021-2022 жылдары АҚШ, Канада, Ресей, Норвегия, Бразилия және басқа елдерде мұнай өндірісі артады деп күтілуде. ХЭА бағалауы бойынша ОПЕК-тен тыс қалған елдер арасында күтілетін ұсыныстың жалпы өсімінен АҚШ-тың үлесі шамамен 60%-ды құрауы мүмкін. ОПЕК+ елдері келісім шеңберінде мұнай өндіруді біртіндеп арттыруды жалғастырады. Ағымдағы квоталарды ескере отырып, 2021 жылдың соңына дейін ОПЕК+ елдерінде жиынтығында мұнай өндіру тәулігіне 2 млн баррельге өсуі тиіс. 2022 жылғы қыркүйекке қарай мұнай өндіру деңгейі 2018 жылдың соңындағы деңгейге оралуы керек (шектеулерді есептеу үшін базалық деңгей). Осылайша, өндіруге қойылған шектеулер толығымен алып тасталады.

Өткен болжамды кезеңнің жағдайымен салыстырғанда әлемдік мұнай нарығындағы жағдай айтарлықтай жақсарғанын ескеру қажет. 2018 жылдан бері алғаш рет мұнай бағасы бір баррелі үшін 80 АҚШ долларынан асты. Бұған жоғары сұраныс та, ОПЕК+ мұнай өндіруді біртіндеп арттыру бойынша жүргізіп отырған саясаты да ықпал етті. Өз кезегінде, кейбір елдерде эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауы тәуекелдер теңгерімін нашарлау жағына ауыстырмады, ал мұнай бағасы осы ықпалға қысқа мерзімде жауап берді.


Халықаралық ұйымдардың болжамдары, тіпті COVID-19 пандемиясы бойынша белгісіздік әлі де сақталуына қарамастан, жалпы алғанда оң болып қалуда, ал көптеген мұнай экспорттаушы елдерде өндіруі ұлғаятыны күтілуде.

Ағымдағы жағдайды және халықаралық ұйымдардың болжамдарын ескере отырып, 2021 жылғы төртінші тоқсаннан бастап 2023 жылғы екінші тоқсан аралығындағы болжамды кезеңге арналған экономика


3-график. Әлемдік мұнай нарығының серпіні



4-график. Мұнайды әлемдік тұтыну, ж/ж



5-график. Мұнай ді әлемдік өндіру, ж/ж, %



дамуының базалық сценарийі бір баррелі үшін 60 АҚШ долларынан 70 АҚШ долларына дейін көтерілді.

Оптимистік сценарий кезінде Brent маркалы мұнайдың бағасы толық болжамды кезең ішінде бір баррелі үшін 80 АҚШ долларын құрайды деп болжанады.

Пессимистік сценарий кезінде Brent маркалы мұнайдың бағасы толық болжамды кезең ішінде бір баррелі үшін 60 АҚШ долларын құрайды деп болжанады.

1.2. Базалық сценарий бойынша экономикалық даму серпіні

Экономикалық белсенділіктің ағымдағы серпіні ҚРҰБ-ның оптимистік сценарийіне сәйкес қалыптасуда. 2021 жылдың соңына қарай ІЖӨ-нің өсімі 3,7-4,0% болады деп болжануда.

ЖІӨ құрауыштарының даму факторлары мен серпіні бойынша болжамның алғышарттары елеусіз өзгерістерге ұшырады, атап айтқанда, өзгерістер мемлекеттік басқару органдарының тұтыну және ішкі сұраныс серпініне әсер етті. Өзгерістер мемлекеттік басқару органдарының тұтыну динамикасына байланысты, олар Ұлттық Банктің күтулерінен төмен болды.

Ішкі сұраныстың өсу қарқыны жалпы жинақтаудың неғұрлым жылдам өсу қарқыны есебінен біршама жоғары қалыптасады. Өңдеу өнеркәсібінде инвестициялық жобаларды іске асыру жалғасуда. Кен өндіру өнеркәсібіндегі инвестициялардың біртіндеп жандануы, сондай-ақ тұрғын үй құрылысына инвестициялар өсуімен айқындалған халықтың жоғары инвестициялық белсенділігі инвестициялық белсенділіктің өсуіне үлес қосады.


Жыл соңына дейін үй шаруашылықтарының пандемиядан кейінгі сұранысы одан әрі іске асырылатыны күтілуде, бұл ретте өсу қарқын аздаған төмендеу жағына қарай қайта қаралды. Үй шаруашылықтарының тұтынуы өсуінің барынша баяу қарқыны кезең-кезеңімен туындайтын COVID-19 өршуімен байланысты, олар сұраныстың толық қалпына келуіне және оның пандемияға дейінгі деңгейге тез оралуына шектеуіш әсер етеді. Тұтастай алғанда, үй шаруашылықтары тарапынан тұтыну өсуі экономикада нақты жалақының өсуі жалғасуына байланысты халықтың нақты кірісі ұлғаюынан қолдау табады. Тұтынушылық кредиттеу үй шаруашылықтарының тұтынуына қосымша қолдау көрсетуін жалғастырады.

2021 жылғы екінші тоқсанда экспорт серпіні өсу аймағына өтіп, жыл соңына дейін оның өрлеу серпіні жалғасатыны күтіледі, ол ОПЕК+ бір тәулікте мұнай өндіру бойынша шектеулерін жеңілдетуге байланысты Қазақстанда мұнай мен газ конденсатын өндірудің өсу қарқыны күтілгендей қалпына келуімен байланысты болады. ЕО экономикасының біртіндеп қалпына келуіне байланысты сыртқы сұраныстың кеңеюі экспорт өсуінің қосымша факторы болады.

Импорттың өсуі халықтың ішкі тұтыну белсенділігі мен экономиканың негізгі секторларындағы инвестициялардың және халықтың инвестициялық белсенділігі өсуіне байланысты ІЖӨ-нің өсуін тежейді.

Қазақстанның сауда әріптестері елдерінде экономикалық белсенділіктің неғұрлым қалыпты өсуі және Қазақстан экономикасына жаһандық және жергілікті жеткізілім тізбектеріндегі іркілістердің бұдан бұрынғы тоқсандағы бағалармен салыстырғанда неғұрлым теріс әсер етуі нәтижесінде орта мерзімді перспективаға арналған ІЖӨ-нің өсуі бойынша болжамдар төмендеу жағына қайта қаралды.

6-график. Инфляция, орта есеппен бір тоқсанда, ж/ж, %



Дереккөзі: ҚРҰБ болжамы

Дегенмен, 2022 жылы ІЖӨ-нің өсу қарқыны 3,9-4,2%-ға дейін жеделдейтіні күтіледі. Эпидемиологиялық жағдай біртіндеп жақсаруы, сондай-ақ экономикалық агенттердің жаңа болмыстарға бейімделуі салдарынан COVID-19-дың экономикалық белсенділікке неғұрлым әлсіз әсері экономикалық өсуге ықпал етеді. Сонымен қатар, ОПЕК+ шеңберіндегі шектеулердің біртіндеп жеңілдетілуі және мұнай өндіруші елдердің мәмілесі болжамды аяқталуы 2021 жылмен салыстырғанда энергия ресурстарын өндіру көлемін ұлғайтуға ықпал етеді. Бұл экспорттың өсуі шамалы жеделдеуіне және инвестициялардың барынша белсенді серпініне әкеледі. 2022 жылы халықтың нақты кірісінің, жалақының және тұтынушылық кредиттеудің күтілгендей өсімі аясында тұтынушылық сұраныстың оң серпіні сақталады. Мемлекеттік тұтынудың өсу қарқыны борышқа қызмет көрсету жөніндегі шығындарды қоспағанда, республикалық бюджет шығыстарының шамалы өсуі аясында қалыпты болады.

Алдыңғы болжамды раундпен салыстырғанда шығарылым алшақтығының траекториясы төмендеу жағына қарай қайта қаралды. Ол жиынтық сұраныс құрауыштарының және жалпы экономикалық белсенділіктің болжамды серпінін төмендеу жағына қайта қарауға байланысты. Дегенмен, болжамды кезеңде 2022 жылы ІЖӨ-нің өсу қарқыны шамалы жеделдеуі жағдайында шығарылым алшақтығының өрлеу траекториясы одан әрі сақталатыны болжанып отыр. Орта мерзімді кезеңде шығарылымның алшақтығы нөлге жақын белгілерде болады.

Алдыңғы болжамды раундпен салыстырғанда инфляцияның қысқа мерзімді болжамдары өзгерген жоқ. Ағымдағы жылдың соңына дейін инфляциялық процестердің 8,3-8,8%-ға дейін біршама баяулауы күтіледі. Үкімет пен жергілікті атқарушы органдар 2021-2024 жылдарға арналған инфляцияға қарсы ден қою шаралары кешенін одан әрі тиімді іске асырған кезде инфляция болжамды диапазонның төменгі шегіне жақын қалыптасатын болады.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар мен қызметтердің бағасы өсуінің аздап жеделдеуі азық-түлік бағасының өсу қарқыны баяулауымен теңестіріледі. Соған қарамастан, орын алған ЖЖМ қымбаттауын, жалғасып келе жатқан электр энергиясының бағасы өсуін және артқан инфляциялық күтулерді ескере отырып, инфляцияның жоғары деңгейлерде қалыптасуы жалғасады.

Қысқа мерзімді кезеңде азық-түлік құрауышының болжамды инфляциясы көбінесе 2021 жылы бағаның бір айда өсуі есептелген жоғары мәндерден шығуына және бір айдағы өсім қарқыны тарихи мәндерге күтілгендей оралуына байланысты болады. Сонымен қатар, жекелеген тауарлар бағасының жоғары өсуі сақталуы және азық-түліктің әлемдік бағасының жоғары деңгейі азық-түлік инфляциясы жеделдеуінің маңызды тәуекелдерін сақтай отырып, проинфляциялық қысым көрсетеді.

Азық-түлікке жатпайтын нарықтарда инфляциялық процестердің жеделдеуі халықтың сатып алу белсенділігі қалпына келуімен және жеткізілім тізбегі бұзылуы жағдайында импорттық бағалардың күтілген өсімімен байланысты болады. Сұраныс жағынан проинфляциялық қысым жалақы өсуіне, оның ішінде ең төменгі жалақы ұлғаюына және тұтынушылық кредиттерді берудің жоғары қарқынына байланысты болады.

Қысқа мерзімді келешекте ақылы қызметтердің бағасы қалыпты өсетіні болжанады, бұл тұрғын үй-коммуналдық реттеліп көрсетілетін қызметтер нарығында ағымдағы баға белгілеу сақталуына негізделеді. Сонымен қатар, күтілгендей көмір бағасы өсуі аясында электр энергиясы тарифтерінің одан әрі өсу тәуекелі бар. Сонымен қатар, тұтынушылық сұраныстың қалпына келуі және өзіндік құнның өсуі аясында реттелмейтін қызметтердің бағасы белгілі бір өсетіні күтіледі.

Тұтынушылық белсенділіктің қалпына келуі, жоғары инфляциялық күтулер, сондай-ақ тауарлар мен қызметтердің өзіндік құны өсуі арқылы ЖЖМ бағасы өсуінен жанама нәтиженің әсері тұтыну қоржынының тауарлары мен қызметтеріне қосымша жалпы проинфляциялық қысымды көрсетеді.

2022 жылы жылдық инфляция болжамдары айтарлықтай өзгерістерге ұшыраған жоқ. Орта мерзімді келешекте алдыңғы бағалаумен салыстырғанда неғұрлым жоғары сыртқы инфляциялық ая байқалатын болады. Бұл Қазақстанның сауда әріптес елдерінде инфляцияны арттыру жағына қайта қараумен және сыртқы азық-түлік бағаларының неғұрлым жоғары серпінімен байланысты. Екінші жағынан, шығарылымның неғұрлым қалыпты траекториясы сыртқы факторлардың инфляцияның орта мерзімді траекториясына әсерін өтейді. 2021 жылғы жоғары базаның шығуы және сыртқы инфляциялық қысымның біртіндеп қысқаруы жағдайында, инфляцияның баяулауы күтілуде.

Ұлттық Банктің бағалауы бойынша инфляцияға қарсы ден қою шаралары кешенін тиімді іске асыруды ескере отырып, 2022 жылдың соңына қарай инфляция 6,0-6,5% - ға дейін баяулайды (6-график). Сонымен бірге, тауарлар мен қызметтердің жекелеген нарықтарындағы теңгерімсіздіктерге, жаһандық және жергілікті жеткізу тізбектерінің іркілістеріне және жоғары инфляциялық тәуекелдердің сақталуына байланысты инфляциялық тәуекелдерді іске асыру күтулер инфляцияның болжамды диапазоннан жоғары қалыптасуына әкелуі мүмкін.

Инфляциялық процестердің баяулауы сыртқы инфляциялық қысымның төмендеуі жағдайында орын алады. Қытайдағы инфляция нысаналы деңгейден едәуір асады, ЕО-да бағаның өсуі таргеттелетін мәнге қарай қарқынды баяулайды деп күтіледі. Бұл ретте, Ресейдегі инфляция төмендеуіне қарамастан, 2022 жылдың соңына қарай нысаналы деңгейден сәл жоғары қалыптасады. Әріптес елдерде инфляциялық серпін баяулауынан дезинфекциялық әсер алдыңғы бағалаумен салыстырғанда аз көрініс алады.

Орта мерзімді кезеңде әлемдік азық-түлік бағалары қысқа мерзімді кезеңде өскеннен кейін аздап төмендейтіні болжанады. Алдыңғы болжамды раундпен салыстырғанда ФАО астық индексі бойынша болжамдары арттыру жағына қарай қайта қаралды. Бұл бірқатар елдерде өндірісті бағалау төмендеуіне, сондай-ақ күтіліп отырған тұтынудың өсуіне және 2020-2021

жылдардағы ауыл шаруашылық маусымымен салыстырғанда қорлардың төмендеуіне байланысты. Бұл ретте орта мерзімді келешекте астыққа қатысты ахуал біртіндеп қалпына келуі және логистикалық проблемалар мен жеткізілімдер іркілісіне байланысты проблемалар жеңілдеуі жағдайында, астықтың әлемдік бағасы біртіндеп төмендейтіні күтіледі.

Тауар нарықтарындағы теңгерімсіздіктерді жоюға бағытталған бірқатар жедел және жүйелі шараларды қамтитын Инфляцияға қарсы ден қою шараларының кешенін тиімді іске асыру жағдайында, орта мерзімді кезеңде инфляцияның баяулауы неғұрлым серпінді қарқынмен орын алады.

1.3. Болжамның балама сценарийлері

Әлемдік экономиканың қалпына келу траекториясына және әлемдік шикізат нарықтарындағы сұраныс пен ұсыныстың арақатынасына байланысты белгісіздіктің болуы себебінен Ұлттық Банк базалық сценарийден басқа мұнай бағасының балама сценарийлерін де қарастырды.

Пессимистік ретінде Ұлттық Банк **мұнай бағасының бір баррель үшін 60 АҚШ долларына дейін құлдырау** сценарийін және **болжамды келешектің соңына дейін осы деңгейде сақталуын** қарастырды.

Бұл сценарийдің іске асырылуы COVID-19 жаңа штамдары пайда болуы, әлемдік экономиканың баяу қалпына келуі және мұнай нарығында жалғасып келе жатқан теңгерімсіздіктердің болуы аясында әлемде эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауына байланысты болады.

Пессимистік сценарий бойынша оқиғалар дамыған жағдайда, Қазақстан экспортының қалпына келу траекториясы Қазақстаннан шикізат өніміне сыртқы сұраныстың нашар серпіні салдарынан анағұрлым қалыпты болады. Тау-кен өндіру секторы кәсіпорындары кірісінің теріс серпіні базалық сценариймен салыстырғанда өндіріс пен инвестициялардың қысқаруына әкеледі, бұл құрылыс, көлік, сауда және өзге де қызметтер салаларына теріс әсер етеді. Халықтың кірісі мен инвестициялардың неғұрлым нашар серпіні тұтынушылық және инвестициялық сұраныстың өсуін біршама шектейді. Нәтижесінде, базалық сценариймен салыстырғанда 2021-2022 жылдары Қазақстан экономикасының қалпына келуі неғұрлым қалыпты болады. **2022 жылы экономиканың өсімі 3,6-3,9%-ды құрайды.**

Болжамды кезең ішінде инфляция нысаналы дәлізден жоғары қалыптасуын жалғастырады. Ішкі сұраныс жағынан дезинфляциялық қысымға қарамастан, базалық сценариймен салыстырғанда инфляциялық процестердің жоғары серпіні теңгенің неғұрлым әлсіз нақты бағамына, импорттық өнімді жеткізудегі ықтимал бұзушылыққа және инфляциялық күтулердің тиісінше өсуіне байланысты болады. **Оптимистік сценарий** іске асырылуы кезінде мұнай бағасының траекториясы **болжамды келешекте бір баррель үшін 80 АҚШ доллары** деңгейінде болады деп күтіледі. ОПЕК+ мұнай өндіруді жоспарлы ұлғайтуына қарамастан, бағаның осындай траекториясы әлемдік экономиканың сенімді қалпына келуіне және мұнайға сұраныс өсуіне негізделеді. Көмірсутектердің бағасы жоғары болуы және сауда әріптес елдері тарапынан сыртқы сұраныстың күшеюі базалық сценарийге қарағанда Қазақстан экономикасы өсуінің неғұрлым жоғары қарқынына алып келеді. **ІЖӨ-нің өсімі 2022 жылы 4,1-4,4% болады.**

Оқиғалар оптимистік сценарий бойынша дамыған жағдайда, инфляция базалық сценариймен салыстырғанда неғұрлым жылдам қарқынмен баяулайтын болады. Бұған теңгенің айырбастау бағамының мықты серпіні және негізінен Ресейдегі инфляцияның төмен траекториясы

аясында сыртқы инфляциялық қысымның аздығы ықпал етеді. Болжамды келешек ішінде инфляция нысаналы дәліздің жоғарғы шекарасында қалыптасады.

1.4. Орта мерзімді перспективадағы тәуекелдер


Алдыңғы болжамды раундпен салыстырғанда тәуекел-бейін тұтастай өзгерген жоқ, бұл ретте инфляцияның базалық сценарийден ауытқу тәуекелі жоғары.

COVID-19 жаңа штамдары (мысалы, омикрон) таралуы салдарынан әлемде шектеу шараларының сақталуы немесе күшеюі әлемдік экономиканың баяулауына және түпкілікті және аралық өнімдерді жеткізуде іркілістер болуына әкелуі мүмкін. Ішкі факторлардың ішінде шектеулі ұсыныс, өндірістің өзіндік құны мен артқан сұраныстың өсу тәуекелдерін атауға болады. Көрсетілген факторлар Қазақстанда инфляция айтарлықтай үдеуіне әкелуі мүмкін (7-график).

Әлемдік экономиканың қалпына келуі және ОПЕК+ мұнай өндіруді қысқарту жөніндегі келісімінің қолданылуы Brent маркалы мұнай бағасы бір баррель үшін 70-80 АҚШ доллары аралығында болуына себепші болады. Осы орайда мұнай бағасы пандемия басталған деңгейлерге күрт төмендеу тәуекелі төмен күйінде қалып отыр. Соған қарамастан, COVID-19 жаңа штамдарымен ауыру өсуі салдарынан шектеу шаралары енгізілген және әлемдік сұраныс төмендеген, сондай-ақ ОПЕК+ елдерінің мұнай ұсынуы артқан жағдайда, бұл тәуекелдің іске асырылуы ықтимал.

Алдыңғы болжамды раундпен салыстырғанда Қазақстанның сауда әріптес елдері тарапынан сыртқы инфляция импортының тәуекелі жоғары болды. Энергия тасымалдағыштарының бағасы өсуі, жеткізілім тізбегінің үзілуі әлемдегі едәуір инфляциялық қысымға алып келеді. Бұл процестер уақытша деп күтілуіне қарамастан, олардың жалғасуы және инфляцияның өсуіне әкелуі мүмкін тәуекелі жоғары болып тұр. Сонымен қатар, әлемде жылжымайтын мүліктің бағасы жоғары өсуі қызметтерге сұраныстың қалпына келуімен бірге инфляциялық күтулердің өсуі жоғары мәндерде тұрақтануына және инфляциялық спиральдің одан әрі күшеюіне себеп болуы мүмкін. Осы тәуекелдердің іске асырылуы бағаның жалпы өсуіне ықпал ете отырып, Қазақстандағы импорттық тауарлардың бағасы өсуіне себепші болады.

7-график. Сарапшылық тәсілге негізделген тәуекелдер картасы



Дереккөзі: ҚРҰБ есептері

Азық-түлік тауарларының (астық, өсімдік майлары, ет) кең ауқымының әлемдік бағасы күрті өсуі аясында сыртқы азық-түлік инфляция импортының елеулі тәуекелі сақталуда. Астықтың көлемі ықтимал мүмкін. Бұл фактор дамушы елдер, оның ішінде Қазақстанның да валюталары әлсіреуіне әкелуі мүмкін.


Ішкі факторлар арасында Қазақстан экономикасы қалпына келуінің күтілген неғұрлым төмен траекториясы аясында сұраныс жағынан инфляциялық қысым тәуекелі біршама төмендеді. Алайда, халықтың нақты кірісі мен тұтынушылық кредиттеу барынша жоғары өсуіне байланысты, бұл тәуекел жоғары болып қалуда. Қазақстанда бидай астығының төмен болуы, ЖЖМ мен электр энергиясы бағасының өсуі аясында өндірістің өзіндік құны ықтимал өсуі себебінен ұсыныс факторлары жағынан инфляция жеделдеу тәуекелі жоғары деңгейде қалып отыр.

Жоғары азық-түлік инфляциясы мен азық-түлікке жатпайтын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің бағасы күрт біршама өсуі жағдайында, орта мерзімді келешекте инфляциялық күтулердің тұрақтанбау тәуекелі іске асырылуы жалғасып, сақталуда.

II. АҚША-КРЕДИТ
САЯСАТЫ




8-график. 2021 жылғы базалық мөлшерлеме дәлізі, %



Дереккөзі: ҚРҰБ

9-график. Ақша массасы, ж/ж, %



Дереккөзі: ҚРҰБ

II. АҚША-КРЕДИТ САЯСАТЫ

2.1. Базалық мөлшерлеме бойынша шешімдер

Ұлттық Банк 2021 жылғы қыркүйек - желтоқсан аралығында базалық мөлшерлеме бойынша үш шешім қабылдады.

2021 жылғы 13 қыркүйекте қабылданған базалық мөлшерлемені 9,5%-ға дейін көтеру туралы шешім жаһандық сұраныстың шығару мүмкіндіктерінен озып қалпына келуі кезінде азық-түлік пен шикізат бағаларының жалпы әлемдік жылдамдауы аясында экономикадағы басым инфляциялық қысымға байланысты болды. Бағаның өсуіне ішкі маусымаралық күтілмеген өзгерістер, белсенді қалпына келіп жатқан тұтынушылық сұраныс, сондай-ақ электр энергиясы, газ және ЖЖМ бағасының өсуі қосымша әсер етті.

Инфляция 2021 жылғы қыркүйекте және қазанда жылдық мәнде 8,9% болды. Ұлттық Банк бағаның өсуін баяулату және инфляцияны 2022 жылдың соңына қарай 4-6% нысаналы дәлізге кіргізу мақсатында дезинфляциялық ақша-кредит саясатын жүргізуді жалғастырды.

Ұлттық Банк 2021 жылғы 25 қазанда базалық мөлшерлемені 9,75%-ға дейін көтеру туралы шешім қабылдады (8-график). Нәтижесінде инфляция Ұлттық Банктің болжамдарынан жоғары қалыптасқан сақталып отырған инфляциялық қысым, әлемдік тауар нарықтарындағы бағалардың өсуі, сауда әріптес елдердегі инфляцияның жылдамдауы және инфляциялық күтулердің жоғары деңгейі шешімнің негізгі факторлары болды.

Ұлттық Банк 2021 жылғы 6 желтоқсанда базалық мөлшерлемені жылдық 9,75% деңгейінде сақтады. Базалық мөлшерлеме бойынша шешім экономикадағы қалыптасып отырған инфляциялық процестерге байланысты болды.

2.2. Ақша ұсынысы және ақша нарығы

Ақша массасының өсу қарқыны баяулап отыр, бірақ негізінен жеке кредиттеудің ұлғаюы аясында жоғары болып қалуда.

Ақша мультипликаторы тұрақты деңгейде қалып отыр. Ақша ұсынысы 2021 жылғы қазанда баяулағанына қарамастан екі таңбалы өсу көрсеткішін көрсетіп отыр (9-график). Ақша массасының жылдық

өсуі қазанда 17,3% болды, бұны өткен жылдың ұқсас кезеңіндегі өсу қарқынымен салыстыруға болады (17,8%).

Халыққа кредит берудің өсуі және банк жүйесі портфеліндегі МБҚ көлемінің өсуіне байланысты банк секторы тарапынан Үкіметке қойылатын талаптардың ұлғаюуы ақша ұсынысы өсуінің негізгі факторы болып қалып отыр. Сыртқы активтер 2021 жылғы қазанда инвесторлардың әлемдегі инфляцияның өсуі жөнінде қауіптенуі аясында алтын бағасының өсуіне байланысты ақша массасының серпініне аздаған оң үлес қосты.

Ақша базасының жылдық мәнде 2020 жылғы жоғары база есебінен біртіндеп шығуына қарай кеңею қарқынының бәсеңдеуі жалғасты (10-график).

Ақша мультипликаторы (ақша массасының ақша базасына арақатынасы) ақша базасы мен ақша массасының салыстырмалы өсуі аясында биылғы жылдың басынан бастап тұрақты болып отыр (10-график).


Ақша нарығының мөлшерлемелері өтімділікке жоғары сұраныс болған кезеңдерді қоспағанда, базалық мөлшерлеме мен нысаналы дәліздің төменгі шегі арасында қалыптасады. ҚРҰБ операциялары бойынша ашық позиция биылғы жылғы қарашада төмендеді. ҚҚБ 2021 жылғы 15 қыркүйектен бастап жаңа индикаторларды – TONIA Compounded Index және TONIA Compounded Rate индикаторларын есептеуді және жариялауды бастады.

Ақша нарығы өтімділік профициті жағдайында жұмыс істеуді жалғастыруда. Бұл ретте 2021 жылғы қарашаның соңына қарай ҚР ҰБ операциялары бойынша сальдо 3,9 трлн. теңге көлемдердің қысқаруы аясында депозиттік аукциондар да жоқ (11-график).

Өтімділік негізінен ашық нарық операцияларымен алынады, олардың арасында депозиттік аукциондардың үлесі өсіп, ноттардың үлесі төмендейді, оның ішінде жартыжылдық ноттарды шығаруды лимиттеу және жылдық ноттарды шығаруды тоқтату есебінен де төмендейді (12-график).


Ұлттық Банк тарапынан өтімділікті ұсыну кері репо операциялары арқылы жүргізілді, олардың үлесі жазғы кезеңмен салыстырғанда 2021 жылғы қыркүйек-қарашада төмендеді.

10-график. Ақша агрегаттарының өсуі, ж/ж, %



Дереккөзі: ҚРҰБ

11-график. Ұлттық Банктің операциялары бойынша ашық позиция, млрд теңге




Дереккөзі: ҚРҰБ, ҚҚБ

12-график. Пайыздық мөлшерлемелер дәлізі және TONIA мөлшерлемесі




Дереккөзі: ҚРҰБ, ҚҚБ

13-график. АҚШ-тың 10 жылдық МБҚ кірістілігі, АҚШ долларының индексі



Дереккөзі: Refinitiv

14-график. ЕМ валюталары индексінің, алтын (31.12.2019ж.=100) мен мұнай құнының серпіні



Дереккөзі: Refinitiv

Ақша нарығының мөлшерлемелері негізінен нысаналы дәліздің төменгі шегі мен базалық мөлшерлеме арасында қалыптаса отырып, қыркүйек пен қазанда базалық мөлшерлеменің көтерілуінен кейін өсті. Салық кезеңдерінде теңгелік өтімділікке жоғары сұраныс салдарынан TONIA мөлшерлемесі дәліздің жоғарғы шегіне жетті (13-график).

ҚҚБ биылғы жылғы қыркүйекте ақша нарығының жаңа индикаторлары – TONIA Compounded Index және TONIA Compounded Rate индикаторларын есептеуді және жариялауды бастады, олар қаржы өнімдерінің бағаларын қалыптастыру кезінде бағдар ретінде қызмет етеді және қаржы нарығының қатысушыларына өнім желілерін әртараптандыруға мүмкіндік береді.

2.3. Валюта нарығы

Теңгенің айырбастау бағамы сыртқы және ішкі жағдайлардың әсерінен қалыптасуда. ФРЖ монетарлық саясатының күшеюін күту АҚШ долларының жаһандық нығаюына және қазынашылық облигациялар кірістілігінің өсуіне ықпал етті. Қыркүйек-қазанда мұнайға баға белгілеудің өсуі нарықтағы профицитті күту аясында қарашаның соңына қарай төмендеуге ауысты. Мұнай бағасының төмендеуі және АҚШ долларының нығаюы ішкі нарықта шетел валютасына сұраныстың өсуімен бірге теңгенің айырбастау бағамына қысымды күшейтті.

ФРЖ монетарлық саясатының күшеюін күту қазынашылық облигациялар кірістілігінің өсуіне және инвесторлардың тәуекел дейгейінің төмендеуіне алып келді, нәтижесінде АҚШ долларының нығаюына әсер етті (14-график). Қыркүйектің соңында әлемдік нарықтардағы келеңсіздік Қытайдың Evergrande Group ірі құрылыс компаниясының қаржылық проблемаларына байланысты әлеуетті жүйелік тәуекелдер есебінен күшейе түсті. Биылғы жылғы қыркүйек-қараша кезеңінде нарықтардағы белгісіздікке байланысты алтын бағасының жоғары құбылмалылығы байқалды (14-график).

Қазанда мұнай бағасы 2018 жылғы қазаннан бастап ең жоғары мәнді көрсетіп, шектеулі ұсыныс кезінде сұраныстың өсуі нәтижесінде биылғы жылғы 25 қазанда 86,7 АҚШ долларына жетті.

Жылу беру маусымы қарсаңында Еуропа мен Азиядағы газ бен көмірдің өткір тапшылығы және халықаралық әуе сапарларының өсуі сұраныстың артуына ықпал етті. Бұл ретте, биылғы жылғы қарашадан бастап энергия тасымалдаушылар нарығындағы артық ұсыныс болжамдары және АҚШ-тан кейін жекелеген елдердің (Ұлыбритания, Қытай, Үндістан, Оңтүстік Корея, Жапония) стратегиялық мұнай қорларын үйлестірілген пайдалануынан қауіптену аясында мұнай бағасының төмендеуі байқалды. Жалпы, қыркүйек-қарашада Brent сұрыпты мұнайдың бағасы бір баррель үшін 71-86 АҚШ доллары аралығында өзгерді (14-график).

Сыртқы инвесторлардың тәуекел деңгейінің төмендеуіне қарамастан, бейрезиденттердің Қазақстан мемлекеттік бағалы қағаздарындағы инвестициялары үлесінің өсуі жалғасты. Қазақстанның мемлекеттік бағалы қағаздарына сыртқы инвесторлардың салымдары қазанның соңында 863 млрд теңгеге дейін ұлғайды (тамыздың соңында 794 млрд теңге).


Ішкі факторлардың қатарында экономикалық белсенділіктің қалпына келуімен және тұтыну тауарлары импортының өсуімен негізделген шетел валютасына жоғары сұраныс теңге бағамына елеулі қысым көрсетуді жалғастырды.

Жоғары сұранысқа жауап ретінде бюджетке трансферттерді жүзеге асыру және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің экспорттық түсімдерді сатуы үшін Ұлттық қордың қаражатын конвертациялау операциялары теңгеге қолдау көрсетті.

Қыркүйек-қарашада сыртқы және ішкі жағдайлардың әсер етуі нәтижесінде теңгенің айырбастау бағамы 423,92-434,20 теңге ауқымында өзгеріп, кезең ішінде 425,42 теңгеден 431,60 теңгеге дейін 2,1%-ға әлсіреді (15-график).

Ұлттық Банк қараша айының соңында сыртқы жағдайлардың күрт нашарлауы жағдайында теңгенің тұрақсыздандыратын ауытқуын болдырмау мақсатында 239 млн. АҚШ.

15-график. Теңге бағамының серпіні және сауда-саттық көлемі



Дереккөзі: ҚҚБ, ҚРҰБ

2.4. Қор нарығы

Биылғы жылғы қыркүйек-қарашада бастапқы нарықтағы МБҚ сауда-саттығының көлемі осы жылғы маусым-тамызға қатысты ұлғайды. Базалық мөлшерлеменің артуы аясында тәуекелсіз кірістілік қисығы қысқа мерзімді кезеңде өсуді көрсетті. Корпоративтік облигациялар индексі де өсті.

ҚР Қаржыминінің 2021 жылға арналған кестесіне сәйкес МБҚ-ны жоспарлы түрде шығару және «Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасын» іске асыру шеңберінде әкімдіктердің қаражат тартуы аясында бастапқы нарықтағы МБҚ сауда-саттығының көлемі қыркүйек-қарашада 950,4 млрд теңгеге дейін немесе 2021 жылғы маусым-тамызбен салыстырғанда 1,6 есе өсті.


Жылдық 10,16%-дан 10,48%-ға дейінгі кірістілігі бар мерзімі 1 жылдан 3 жылға дейінгі ҚР Қаржыминінің қысқа мерзімді МБҚ шығару жалғастырылды. Бұл ретте, кірістілігі жылдық 10,43%-дан 10,87%-ға дейінгі орта мерзімді және ұзақ мерзімді МБҚ басым түрде шығарылды. Тұрғын үй құрылысын қаржыландыру мақсатында және «Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде жергілікті атқарушы органдар қыркүйек пен қараша аралығында 165,8 млрд теңге тартты.

Тәуекелсіз кірістілік қисығы ағымдағы жылдың қараша айының соңында базалық мөлшерлемені көтеру бойынша алдыңғы шешімдерден кейін барлық сегментте өсті (16-график).

Корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығында орналастыру көлемі қыркүйек-қарашада 369,6 млрд теңге болды. Квазимемлекеттік сектор, ҚҚБ және екінші деңгейдегі банктер орналастыру көлемі бойынша көшбасшы болуда. Эмитенттер арасында орта мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттемелерді шығару үрдісі сақталып отыр.


Орналастырылған корпоративтік облигациялар бойынша орташа алынған нарықтық мөлшерлеме (базалық мөлшерлеме деңгейінен төмен мөлшерлеме бойынша орналастырылған облигацияларды қоспағанда) қарашада 12,13% болды (тамызда – 11,14%). Корпоративтік облигациялардың кірістілік индексі қарашаның соңында жылдық 10,27% болды, бұл биылғы жылғы тамыздың соңындағы деңгейден 0,6 п.т. жоғары (17-график).

16-график. Тәуекелсіз кірістілік қисығының өзгеруі, %




Дереккөзі: ҚРҰБ

17-график. Корпоративтік облигациялардың кірістілігі, %




Дереккөзі: ҚҚБ

18-график. KASE индексі (2019 желтоқ.,=100)



Дереккөзі: ҚҚБ

19-график. Құрамдас бөліктердің депозиттер көлемінің өсуіне қосқан үлесі, ж/ж, %



Дереккөзі: ҚРҰБ

KASE индексінің өсуі қыркүйек-қарашада 16,1% болды, бұл ретте ең жоғары көрсеткіш 2021 жылғы 18 қарашада – 3 810,7 тармаққа жетті (18-график). Қаралып отырған кезеңде KASE индексі құрылымындағы негізгі көшбасшылар – «Қазатомөнеркәсіп ҰАҚ» – 54,8%, «Банк ЦентрКредит» АҚ – 22,6%, «Kcell» АҚ – 19,4%.

Биылғы жылғы тамыз – қазан аралығындағы кезеңде акциялар нарығындағы сауда-саттық көлемі 109,2 млрд теңге болды. Сауда-саттықтың рекордтық көлемі қыркүйекте байқалды, бұл «Қазақтелеком» АҚ-тың «Kcell» АҚ ұялы компаниясы акцияларының 24%-ын ашық сауда-саттықта инвесторлардың кең тобына сату мәмілесіне байланысты.

2.5. Депозит нарығы

Банк жүйесінде депозиттердің өсу қарқынының баяулауы жалғасты. Халық пен бизнестің теңгелік салымдары өсімге негізгі үлес қосты.

Биылғы жылғы қазанның қорытындысы бойынша халықтың валюталық салымдары үлесінің айтарлықтай азаюы аясында депозиттердің жалпы долларлануының төмендеуі жалғасуда.

2021 жылғы қарашада «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-ның шекті мөлшерлемелерінің мөлшері жоғарылады.

Депозиттік портфельдің өсу қарқыны 2021 жылғы қазанда 18,6% ж/ж дейін баяулады (биылғы жылғы шілдедегі ең жоғары көрсеткіштен – 26,5%). Ұлттық валютадағы салымдар депозиттік базаның өсуіне негізгі үлес қосуда, ал шетел валютасындағы салымдардың өсу қарқыны төмендеуде (19-график).

Теңгелік салымдар жылдық мәнде 29,1%-ға өсті. Салымдардың артуы негізінен жеке тұлғалар депозиттерінің өсуіне (жеке тұлғалар депозиттерінің – 35%-ға, заңды тұлғалар депозиттерінің – 23,8%-ға) байланысты болды.

Есепті кезеңде ұлттық валютадағы салымдардың өсуі тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін зейнетақы жинақтарын ішінара пайдалану әсерінің әлсіреуіне қарай қалыпқа келді.


Халықтың салымдары жылдық мәнде 0,3%-ға төмендеген кезде корпоративтік сектор салымдарының өсуіне байланысты (6,6%) шетел валютасындағы салымдар жылдық мәнде 3,3%-ға өсті.

Долларландырудың жалпы деңгейі осы жылғы 2-тоқсан ішінде сақталған 37%-дан 2021 жылғы қазанда 35,6%-ға дейін төмендеді (20-график). Корпоративтік сектордың долларлануы жылдың ортасындағы ең жоғары мәндермен салыстырғанда тұрақтануға қарамастан, сыртқы нарықтардағы құбылмалылық аясында 2021 жылғы қазанның қорытындысы бойынша 37,2%-ды құрап, жыл басына қатысты жоғары болып қалып отыр (12-график). Халық депозиттерінің долларлануы жыл басынан бастап 5,1 п.т. төмендеп, 33,9% болды (2008 жылғы қазаннан бастап ең төменгі деңгей).

Корпоративтік сектордың тартылатын салымдарындағы негізгі үлесті бизнестің барлық мерзімді салымдарының 84%-ы үлесімен мерзімі 1 айға дейінгі салымдар құрайды (2021 жылғы қазанда). Салымдардың осы түрлері бойынша мөлшерлемелер ақша-кредит талаптарының өзгеруіне неғұрлым сезімтал ретінде базалық мөлшерлемеден кейін 2021 жылғы шілдедегі 7,2%-бен (2020 жылғы қазандағы 7,0%) салыстырғанда қазанда 7,5%-ға дейін жоғарылады. Мерзімі 3 айдан 1 жылға дейінгі корпоративтік депозиттер (мерзімді салымдардың 12,2%-ы үлесімен) де 2021 жылғы қазанда 7,4%-дан 7,5%-ға дейін (2020 жылғы қазанда 7,5%) ұлғайды. Мерзімі 1-5 жылдық (мерзімді салымдардың 2%-ы үлесімен) ұзақ мерзімді салымдар бойынша мөлшерлемелер шілде деңгейінде сақталып, 2021 жылғы қазанда 7,9% болды (2020 жылғы қазанда 7,6%) (21-график).


Корпоративтік сектормен салыстырғанда неғұрлым ұзақ депозиттер басым болатын бөлшек сауда секторында (қазанда 3 айдан 1 жылға дейінгі мерзімдегі салымдар үлесі 43,3%-ды, 1 жылдан 5 жылға дейінгі мерзімдегі салымдар үлесі 43,8%-ды құрайды), сондай-ақ халықтың теңгелік депозиттік портфелінің айтарлықтай өсуі кезінде мөлшерлемелердің өсуі байқалды. 3 айдан 1 жылға дейінгі салымдар бойынша мөлшерлемелер шілдедегі 8,3%-дан 2021 жылғы қазанда 8,6%-ға дейін (2020 жылғы қазанда 9,7%) өсті, 1 жылдан 5 жылға дейінгі мерзімдегі салымдар бойынша – 8,8% (10,1%) деңгейінде сақталды. 1 айға дейінгі қысқа мерзімді салымдар (үлесі 7,0%) 7,4% (6,1%) деңгейінде өзгеріссіз қалды (22-график).

20-график. Депозиттерді долларландыру, %




Дереккөзі: ҚРҰБ

21-график. Заңды тұлғалардың теңгемен депозиттері бойынша мөлшерлемелер, %



Дереккөзі: ҚРҰБ

22-график. Жеке тұлғалардың салымдары бойынша мөлшерлемелер, %



Дереккөзі: ҚРҰБ

ҚРҰБ базалық мөлшерлемесі көтерілгеннен кейін 2021 жылғы шілдеден бастап «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ халықтың қысқа мерзімді салымдар бойынша мөлшерлемесін көтерді. Мерзімсіз салымдар бойынша мөлшерлемелер 2021 жылғы қарашада жоғарылады.

Жалпы депозиттер халық үшін салымның барынша тартымды құралы болып қала береді. ҚДКҚ мен банктердің бірлескен пікіртеріміне сәйкес елдің 128 елді мекеніндегі респонденттердің 92%-ға жуығы қаражатты орналастырудың негізгі құралы ретінде депозиттерді таңдайды.

2.6. Кредит нарығы

Экономикаға кредиттер көбінесе халыққа теңгемен берілетін кредиттер есебінен өсуде. Тұтынушылық кредиттер халықтың кредитінің өсуіне негізгі үлес қосты. Нақты секторға берілетін кредиттердің құны базалық мөлшерлеме көтерілгеннен кейін өсуде.

ЕДБ кредиттік портфелі ағымдағы жылғы қазанда жылдық мәнде 17,2 трлн теңге құрап, 19,1%-ға өсті.

Кредиттік портфельдің өсуінің негізгі факторы бөлшек сауда секторын теңгемен кредиттеу болып табылады.


Корпоративтік секторға ұлттық валютадағы кредиттер де ЕДБ кредиттерінің өсуіне оң үлесін сақтап қалды (23-график).

Тұтынушылық кредиттеудің өсуі жеке кредит портфелінің драйвері болып қала береді. Халықтың тұтынушылық мақсаттарына берілген кредиттер үй шаруашылығын тұтынудың өсуі аясында өсті. Ипотекалық кредиттер мемлекет тарапынан іске асырылып жатқан тұрғын үй және ипотекалық бағдарламалар аясында ағымдағы жылғы қазанда жылдық мәнде 39,5%-ға өсті (24-график).

Тұтынушылық кредиттердің құны тұтынушылық мақсаттарға арналған кредиттердің айтарлықтай көлемі аясында 2021 жылғы шілдедегі 19,9%-дан (2020 жылғы қазандағы 20,4%) 19,2%-ға дейін төмендеді. ЕДБ-дан нарықтық ипотекалық бағдарламалар үлесінің ұлғаюы ипотека бойынша орташа мөлшерлеменің 8,1%-дан 8,4%-ға дейін (2020 жылғы қазанда 7,9%) өсуіне алып келді.


Биылғы жылдың басынан бастап корпоративтік сектор субъектілеріне жаңа берілген кредиттер көлемі өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 16,3%-ға немесе 1 210,9 млрд теңгеге ұлғайды.

23-график. Экономикаға кредиттер, ж/ж, %



Дереккөзі: ҚРҰБ

24-график. Құрамдас бөліктердің жеке сектор кредиттерінің жылдық өсуіне үлесі, ж/ж, %




Дереккөзі: ҚРҰБ

Алайда өтелген кредиттердің салыстырмалы көлеміне байланысты портфельдің өсуі биылғы жылдың басынан әлдеқайда аз қалыптасты және бар болғаны 2,4%-ды құрады. Өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, сауда және байланыс сияқты салалар оң үлес қосты. Биылғы жылдың басынан бастап шағын кәсіпкерлік субъектілеріне кредиттер 3,3 трлн теңгеге дейін 29,5%-ға өсті.

2021 жылғы 3-тоқсандағы банктердің кредиттеу бойынша пікіртеріміне сәйкес шағын бизнес субъектілері есебінен кредитке сұраныс өсіп, ірі кәсіпкерлер тарапынан төмендеді. Халық тарапынан тұтынушылық қарыздарға сұраныстың өсуімен ипотека мен автокредитеуге сұраныс азайды.

Бизнестің теңгемен кредиттері бойынша орташа алынған мөлшерлеме қысқа мерзімді сегментте шілдедегі 11,3%-дан 2021 жылғы қазанда 11,6%-ға дейін (2020 жылғы қазанда 11,6%) өсті. Ұзақ мерзімді кредиттердің құны 13,1%-дан 13,3%-ға дейін (2020 жылғы қазанда 12,3%) өсті (25-график).

25-график. Ұлттық валютадағы кредиттер бойынша мөлшерлемелер, %



Дереккөзі: ҚРҰБ



III. МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР

III. МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР

3.1. Сыртқы сектор

Коронавирустың қайта өршуіне қарамастан, әлемдегі іскерлік белсенділік қалпына келтірілуде (26-график).

Global Composite PMI іскерлік белсенділігінің озыңқы индикаторы 2021 жылғы қазанда 54,5 тармаққа дейін өсті (2021 жылғы қыркүйекте – 53,3 тармақ). Пікіртерімдерден көріп отырғанымыздай, өнеркәсіп қызметтерге қарағанда баяу қарқынмен өсуде. Өндірушілердің мәлімдемесіне сәйкес, өнеркәсіптік өндіріс бұрынғыдай жеткізілім тізбегіндегі бұзушылықтармен, энергия бағасының тез өсуімен, сондай-ақ материалдар мен жұмыс күшінің жетіспеушілігімен шектеледі.

Нарықта байқалған сұраныс пен ұсыныс арасындағы теңгерімсіздік, жаһандық жеткізілім тізбегіндегі проблемалар, сондай-ақ материалдардың жетіспеушілігі жаһандық инфляциялық фонды күшейтеді.

Көптеген дамыған және дамушы елдерде тұтынушылық инфляция Тарихи шыңдарды жаңартады. Мәселен, АҚШ-та инфляция 1991 жылдан бері алғаш рет 6,2%-ға (ж/ж) өсті. ЕО-да бағаның өсуі соңғы 13 жылда ең жоғары болды және 2021 жылғы қазанда 4,1% (ж/ж) құрады. Еуропаның ірі экономикаларының ішінде бағаның ең жоғары өсуі Испания, Германия, Францияда байқалады. Инфляция құрылымында бағаның ең үлкен өсуін энергия тасымалдағыштар мен азық-түлік тауарлары көрсетеді. Азық-түлікке жатпайтын тауарлар арасында бағаның жоғары өсуі микрочиптердің жетіспеушілігіне және жеткізілім тізбегінің бұзылуына байланысты жаңа және пайдаланылған автомобильдерді көрсетеді.


Әлемдік мұнай нарығында АҚШ пен басқа елдердің ұсынымдарын кеңейту жөніндегі әрекеттеріне қарамастан, Brent маркалы мұнай бағасы бір баррель үшін 80 АҚШ долларынан жоғары (27-график)

26-график. Іскерлік белсенділіктің жаһандық композиттік индексі¹



Дереккөзі: Bloomberg


27-график. Brent маркалы мұнай бағасы, АҚШ долларымен (айына орта есеппен)



Дереккөзі: U.S. Energy Information Administration (EIA)


¹ – 50-ден жоғары индекс мәні көрсеткіштің өсуін білдіреді, 50 – ден аз-оның төмендеуі, 50 -ге тең-оның өзгермейтіндігі

28-график. Үй шаруашылықтарының номиналды тұтыну шығыстарының құрылымы




Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

29-график. Тұтыну шығыстарында тамақ өнімдерін сатып алуға арналған үй шаруашылықтары шығыстарының үлесі, %-бен



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

30-график. Қазақстанда COVID-19 жаңа жұқтыру жағдайлары



Дереккөзі: ourworldindata.org, ҚРҰБ есептері

3.2 Ішкі экономиканы дамыту

Тұтынушылық сұраныстың қалпына келуі жалғасуда, үй шаруашылықтарының тұтынушылық белсенділігі дағдарысқа дейінгі деңгейге әлі оралмады және 2021 жылғы екінші тоқсанда үй шаруашылықтарының сұраныс серпіні қалыпты өсу қарқынын көрсетті.

Тұтынушылық сұраныстың қалыпты өсуі ішінара елдегі тұрақсыз эпидемиологиялық жағдайға байланысты, бұл үй шаруашылығын тұтынуды толық қалпына келтіруді біршама шектейді. Сонымен, наурыздың соңы мен сәуірдің басында COVID-19 қайта өршуі және жаңа инфекциялардың күнделікті жағдайларының өсуі байқалды (28-график).

2021 жылғы екінші тоқсанда азық-түлік тауарларына бағаның көтерілуімен қатар халықтың тұтынушылық қалауларының қайта ауысуы байқалды. Осылайша, тұтынуға арналған жиынтық шығыстарда халықтың тамақ өнімдеріне арналған номиналды шығындарының үлесі өсті, ақылы қызметтерге арналған шығыстардың үлесі төмендеді және азық-түлікке жатпайтын тауарларға арналған шығыстардың үлесі аздап азайды (30-график). Бұл үрдіс тұтыну шығындарының көп бөлігін азық-түлікке бағыттайтын үй шаруашылықтары санының ұлғаюынан да байқалады (29-график). Мұндай үй шаруашылықтарының үлесі азық-түлікке жатпайтын тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге сұранысты сату карантиндік шаралармен шектелген 2020 жылғы үшінші тоқсандағы деңгейге жетті. Халықтың азық-түлік шығындарының ағымдағы өсуі азық-түлік инфляциясының жеделдеуімен байланысты болуы мүмкін.

Үшінші тоқсанда бөлшек сауданың серпіні 2021 жылғы екінші тоқсандағы ең жоғарғы шегінен кейін баяулай бастады. 2021 жылғы екінші тоқсандағы айтарлықтай өсу халықтың тұтынушылық белсенділігінің жандануының да, тауар айналымы 36,8% төмендеген 2020 жылғы екінші тоқсандағы төмен базаның салдары болды. Үшінші тоқсанда тауар айналымы қалыпты өсу қарқынын көрсетті. Бөлшек тауар айналымын өткізуге белгілі бір шектеу эпидемиологиялық жағдайдың шілденің ортасында және қыркүйектің басында, ел бойынша күніне орта есеппен 6000-нан астам жаңа жұқтыру жағдайы байқалған кезде қайта нашарлауын көрсетті (30-график).

Өсу аймағына тамақ өнімдерінің өндірісі мен импортының өсуі жағдайында азық-түлік тауарларының бөлшек сауда тауар айналымы шығады (31-график).

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар тауар айналымының серпіні азық-түлікке жатпайтын импорттың өсуімен (10,6%-ға өсу ж/ж) және тұтыну кредиттерін берудің жедел өсу қарқынымен (2,1 есе өсу ж/ж) қолдау табатын өсудің қалыпты қарқынын көрсетеді.

Халық тұтынуының өсуіне Қазақстан халқы кірісінің оң серпіні қолдау көрсетуді жалғастыруда. Құрылымда жалдамалы жұмыстан, стипендиядан түсетін кірістердің ұлғаюы және өзін-өзі жұмыспен қамтудан түсетін кірістердің едәуір қалпына келуі байқалады. Халықтың зейнетақылар мен жәрдемақылардан түсетін нақты табыстары қысқартылады және сол арқылы жұмыс күшінің құрамына кірмейтін халық тобының қаржылық жағдайын нашарлата отырып, кірістердің өсуіне теріс үлес қосады. Жәрдемақылардан түсетін кірістердің төмендеу факторларының бірі карантин режимінің енгізілуіне байланысты 2020 жылы төлемдердің өсуіне байланысты статистикалық базаның әсері болып табылады.


Халықтың осы тобы кірістерінің қысқаруы Қазақстан халқының кедейшілік деңгейінің ұлғаюымен қатар жүрді.

2021 жылғы үшінші тоқсанда кірістің оң серпіні сақталып, халықтың жан басына шаққандағы нақты кірісі 5,8%-ға өсті (32-график).

Жалдамалы жұмысшылардың кірісі оң серпінді көрсетуді жалғастыруда. Үшінші тоқсанда нақты жалақы 9,8%-ға өсті. Мемлекеттік секторда (мемлекеттік басқару және қорғаныс, Денсаулық сақтау және білім беру) нақты еңбекақы өсімінің жоғары қарқынының сақталуы және нақты сектордағы нақты жалақының едәуір қалпына келуі байқалады (33-график).

Қазақстан экономикасында фискалдық ынталандырудың күшеюі жағдайында соңғы үш жылда нақты сектордағы серпінмен салыстырғанда мемлекеттік сектордағы жалақының өсу қарқынының артуы байқалады (33-график).

31-график. Бөлшек тауар айналымының серпіні, ж/ж, %




Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептері

32-график. Халықтың және оның құрамдастарының нақты кірістерінің серпіні, ж/ж, %




Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептері

33-график. Нақты және мемлекеттік секторлардағы нақты жалақының серпіні, ж/ж, %



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептері

34-график. Орташа айлық жалақы, теңге




Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептері


Бұл ретте мемлекеттік сектордағы жалақының орташа деңгейі экономиканың нақты секторындағы жалақының орташа деңгейінен әлі де төмен болып қалуда (34-график).

2-бокс. Нақты сектор қалпына келді ме?

1-график. Экономика салалары бойынша кәсіпорындардың мөлшерлілігі



2-график. Пікіртерімге қатысушы кәсіпорындардың сандық көрсеткіштері



Ұлттық Банк экономиканың нақты секторындағы кәсіпорындарды мониторингтеу шеңберінде пандемияның олардың қызметіне әсерін бағалау үшін қатысушы кәсіпорындар арасында бір жолғы пікіртерім жүргізді. Пікіртерімге 3 327 кәсіпорын қатысты, оның ішінде ірі – 673, орта – 913, шағын – 1741 кәсіпорын (1-график). Салалық бөліністе көтерме және бөлшек саудада кәсіпорындардың ең көп саны – 935 кәсіпорын, сумен жабдықтауда ең аз саны - 46 кәсіпорын ұсынылды. Олар экономиканың бірқатар секторларын білдіреді, олардың жалпы саны 6,4 мыңнан астам адамнан (жылжымайтын мүлікпен операциялар) 251,6 мың адамға дейін (өңдеу өнеркәсібі) болды (2-график).

Пікіртерім нәтижелері COVID-19 пандемиясының және оның таралуын болдырмауға байланысты шаралардың жалпы кәсіпорындардың қызметіне теріс әсер еткенін көрсетті. Бұл туралы сұралған кәсіпорындардың 66,1%-ы мәлімдеді, олардың 12,9%-ы қатты зардап шекті. Сонымен қатар, кәсіпорындардың 32,0%-ы пандемия олардың қызметіне әсер етпегенін атап өтті. Салалар бөлінісінде теріс жауаптар үлесі тиісінше 69%, 69%, 77% және 82%-ды (теріс әсер етті) құраған сауда, тау-кен өндіру өнеркәсібі, құрылыс және өмір сүру мен тамақтану жөніндегі қызметтер кәсіпорындары барынша теріс әсерін бастан кешірді. Өмір сүру және тамақтану, сауда қызметтерінде теріс әсер қоғамдық тамақтану кәсіпорындары мен мейрамхана бизнесі, қонақ үйлер жұмысына карантиндік шектеулердің енгізілуіне, сауда орталықтарының жабылуына байланысты.


2021 жылғы үшінші тоқсанда инвестициялық белсенділіктің қалпына келтіру серпіні жалғасты. Негізгі капиталға инвестициялар нақты көрсеткіш бойынша 8,3%-ға ұлғайды (35-график).

Инвестициялардың технологиялық құрылымында үшінші тоқсанда құрылыс және күрделі жөндеу жұмыстары баяулады, онда жыл басынан бері тұрғын үй ғимараттарын салуға айтарлықтай оң үлес қосылғаны және тұрғын емес үйлер құрылысының белгілі бір дәрежеде баяулағаны байқалады. Негізгі капиталға салынған инвестициялар құрылымында екі мәнді өсу қарқыны негізгі өндірістік қорларды жаңартуға салынатын инвестицияларды көрсетеді, ал инвестициялардың басқа түрлері әлі де төмендеу аймағында қалып отыр. ТШО-дағы жоба тоқтатылған сәттен, дәлірек айтқанда, 2020 жылдың ортасынан бастап тау-кен өндіру саласына инвестициялар өсу аймағына шықты. Сонымен қатар, экономиканың басқа секторларында, оның ішінде өңдеу өнеркәсібі мен құрылыста инвестициялардың өсу қарқыны біршама баяулады. Осы жылғы үшінші тоқсанда көлік, ақпарат және байланыс және электрмен жабдықтау саласындағы инвестициялар қысқарды.

Тұрғын үй құрылысына арналған инвестициялармен көрсетілген халықтың инвестициялық белсенділігі жоғары деңгейде қалып отыр (36-график). Инвестициялық белсенділік серпіні ипотекалық бағдарламалар және төлеушілердің БЖЗҚ шоттарынан қаражат алуы жөніндегі шаралар арқылы қолдау табуда. Осы бағдарламалардың нәтижесінде биылғы жылы жылжымайтын мүлік нарығындағы белсенділік жоғары деңгейде тұр. Жекелеген кезеңдерде сатып алу-сату мәмілелерінің саны айына 50 мыңнан асты (37-график). Сонымен қатар, бастапқы тұрғын үй алаңдарын пайдалануға беру аса қарқынмен өсіп жатқан жоқ. Бастапқы тұрғын үй нарығындағы белгілі бір кемшілік қайталама тұрғын үйге сұраныстың артуына әкеледі.

Осы жағдай былтырғы жылдың екінші жартысынан бастап бастапқы және қайталама тұрғын үй нарығындағы бағалар арасында едәуір айырмашылықтың пайда болуына әкелді. Осылайша, 2021 жылғы үшінші тоқсанда жылжымайтын мүліктің қайталама нарығындағы бағалар өсе берді және 27,4% болды. Бастапқы нарықтағы бағаның өсуі құрылыс материалдарының қымбаттауы аясында біршама қарқын алды және 13,9% болды. (36-график).

35-график. Негізгі капиталға инвестициялар, ж/ж, %



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

36-график. Тұрғын үй құрылысына инвестициялар және жылжымайтын мүлік нарығындағы бағалар, ж/ж, %




Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

37-график. Тұрғын үйді және тұрғын үйдің берілген алаңдарын сатып алу-сату мәмілелері




Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

38-график. Жинақталған жиынтығымен тауарлардың негізгі топтары бойынша экспорт, ж/ж, %



Дереккөзі: ҚРҰБ

39-график. 2021 жылғы қаңтар-қыркүйектегі елдер бойынша мұнай экспорты, ж/ж, %



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

Әлемдік экономиканың біртіндеп қалпына келуі Қазақстанның сыртқы сауда қызметінде көрінеді. СЖРА ҰСБ-ның алдын ала деректері бойынша 2021 жылғы қаңтар-қыркүйекте сыртқы сауда айналымы 72,8 млрд АҚШ долларын құрады және 2020 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 12,7%-ға ұлғайды, оның ішінде экспорт 20,6%-ға (43,3 млрд АҚШ доллары), импорт – 2,8%-ға (29,5 млрд АҚШ доллары) артты.

Жалпы экспорттың өсуіне негізгі үлесті жылдық көрсеткіш бойынша 19%-ға артқан мұнай экспорты қосты. Елдер бойынша бөлгенде Италияға, Нидерландыға, Францияға және Сингапурға мұнайдың құндық экспортының ұлғайғаны байқалады.

2021 жылғы қаңтар-қыркүйекте мұнай өндіру 3,3%-ға (ж/ж) қысқарған кезде, мұнай экспорты табиғи түрде 9,2%-ға (ж/ж), атап айтқанда Үндістанға, Швейцарияға, Италияға, Грецияға және Қытайға мұнай экспорты төмендеді. Сонымен қатар, Сингапурға мұнай экспортының күрт өскені байқалады (39-график).

Түсті металдар экспортының құрылымында құндық көрсеткіш бойынша мыс экспортының 38,2%-ға (ж/ж), алюминий – 41,8%-ға, күміс – 40,7%-ға, мырыш – 10,3%-ға және қорғасын – 10,2%-ға ұлғайғаны байқалады. Бұл ретте Қытайға жеткізілімдердің төмендеуіне байланысты нақты мәнде мыс экспорты 11,3%-ға (ж/ж) және мырыш 15,4%-ға азайды. Қорғасын экспорты нақты мәнде 37,7%-ға төмендеді. Сонымен қатар, алюминий экспортының 6%-ға (ж/ж) артқаны байқалады.

2021 жылғы тоғыз ай ішінде дәнді дақылдар арасында бидай мен меслин экспортының құндық (26,7%-ға) және нақты (18,1%-ға) көрсеткіш бойынша өскені байқалады (38-график). Атап айтқанда, Түркіменстанға, Иранға, Ауғанстанға, Қытайға жеткізілімдер артты.

Азық-түлік тауарларының құрылымында ет өндірісінің өсуі аясында Ресейге жеткізілімдердің 2,8 есе өсуі нәтижесінде ет экспорты табиғи түрде 50,2%-ға (9,1 мың тоннаға) өсті.

Ұн экспорты 15,1%-ға төмендеді, мұнда Ауғанстанға экспорт көлемінің елдегі тұрақсыз жағдайдың салдарынан қысқаруы негізгі триггер болды.

2021 жылғы тоғыз айда импорттың өсуі Қытайдан импорттың 34,7%-ға (ж/ж) және ЕАЭО елдерінен импорттың 24,2%-ға, оның ішінде Ресейден импорттың 24,7%-ға күрт ұлғаюына байланысты болды, бұл ретте

ЕО елдерінен импорттың 8,9%-ға төмендегені байқалады.


Азық-түлік тауарларының құрылымында ет импорты нақты көрсеткіш бойынша 13,7%-ға төмендеді. Сүт импорты негізінен Иран мен Беларусьиядан жеткізілімдердің қысқаруына байланысты 22,3%-ға төмендеді. Бұл ретте, өсімдік майы мен тоң май, қант импорты артты. Көкөністердің құрамында пияз мен сәбіз импортының өскені байқалады. Сол кезде, қияр мен картоп импорты төмендеді.

Елде коронавируспен ауру деңгейі төмендеуіне орай, Ресейден, Қытайдан және Үндістаннан жеткізілімдердің төмендеуі аясында азық-түлікке жатпайтын тауарлардың құрамында дәрі-дәрмек импортының қысқарғаны байқалады. Сонымен қатар, тұтынушылық сұраныс қалпына келген жағдайда киім импортының өскені байқалады. Жеңіл автомобильдер, оның ішінде Ресей мен Өзбекстаннан келетін жеңіл автомобильдер импорты өсті.

3 - бокс. Банктердің қарыз алушы кәсіпорындарының қаржылық жағдайын бағалау

Кәсіпорындардың үштен бірінде қарыздар бойынша берешегі бар. ҚР Ұлттық Банкі кәсіпорындарының тоқсан сайынғы мониторингі шеңберінде алынған деректердің нәтижелері бойынша 2021 жылғы 3-тоқсанда кәсіпорындардың 34,5%-ының балансында банктердің қарыздары бойынша міндеттемелер болды, бұл ретте банктердің қарыздары бойынша мерзімі өткен (90 күннен астам) берешегі бар кәсіпорындардың үлесі 7,4% болды. Биылғы жылғы 3 тоқсанда кәсіпорындардың 17,5%-ы кредит алу үшін банкке жүгінген, олардың 15,1%-ы (немесе жүгінген кәсіпорындардың 86,0%-ы) кредит алды. Олардың көпшілігі (64,8%) қолданыстағы кредиттік желі бойынша кезекті транш алды, кәсіпорындардың 21,2%-ы жаңа кредит ресімдеді, олардың 15,2%-ы (немесе жаңа кредитті ресімдегендердің 71,7%-ы) сұратқан сомасын, қалғандары тек бір бөлігін ғана алды. Өтініш білдіргендердің 4,2%-ы (немесе жаңа кредитті ресімдегендердің 19,8%-ы) сұратылған соманың көп бөлігін алды, өтініш білдіргендердің 1,8%-ы (немесе жаңа кредитті ресімдегендердің 8,5%-ы) сұратылған соманың жартысынан азын алды (1-график). 2021 жылғы 4-тоқсанда кәсіпорындардың 15,0%-ы кредит алу үшін банкке жүгінбек, олардың 5,3%-да банктік қарыздар бойынша міндеттемелері бар, ал 1,0%-да тіпті мерзімі өткен берешегі де бар.

1-график. 2021 жылдың 3-тоқсанында несиелендіруге өтінімдерді қарау нәтижелері, %



Борыштық жүктеме деңгейі елеусіз. Пікіртерімге қатысқан 3326 кәсіпорынның деректері бойынша экономика бойынша борыштық жүктеменің орташа алынған деңгейі² 13,5% болады. Банктердің қарыздары бойынша міндеттемелері бар кәсіпорындарды іріктеу кезінде борыштық жүктеме 23,1% болды, ал қарыз беруден бас тартылғандар арасында ол өнімді/қызметтерді өткізуден түсетін кірістің 25,5%-на жетіп тұр. Бұл ретте, 2021 жылғы 4-тоқсанда кредит алуға ниет білдірген кәсіпорындардың 22,9% мөлшерінде борыштық жүктемесі бар.

Жалпы, қарыз алушылардың қаржылық жағдайы тұрақты. Соңғы 12 тоқсан ішінде пікіртерімдерге тұрақты түрде қатысқан кәсіпорындардың қаржылық коэффициенттерін бағалауға негізделген дискриминанттық талдауды³ қолдана отырып, кәсіпорындарды орнықтылық дәрежесі бойынша бөлу нәтижелері қарыз алушы кәсіпорындар (оның ішінде әлеуетті) арасындағы жағдайдың жалпы экономикадағы жағдайдан нашар емес екенін көрсетеді. Қаржылық жағдайы қиын кәсіпорындардың үлесі жалпы алғанда бүкіл іріктеме бойынша аз (36,3%). Қарыздар бойынша мерзімі өткен берешегі бар кәсіпорындар арасында ғана жағдай нашар, мұнда қаржылық жағдайы қиын кәсіпорындардың үлесі 44,1% болады (2-график).

2-график. Топтар бойынша бөлгенде кәсіпорындарды орнықтылық дәрежесі бойынша бөлу




3.3 Еңбек нарығы

2021 жылғы үшінші тоқсанда еңбек нарығындағы тұрақтану жалғасты. Жұмыс күшінің саны 0,75%-ға ұлғайды, оның құрылымында жұмыспен қамтылғандар саны өсті және жұмыссыз халық саны азайды. Мұндай жағдайларда жұмыссыздық деңгейі өзгеріссіз қалып, 4,9% болды. (40-график).

Үшінші тоқсанда жұмыспен қамтылған халықтың өсуі өзін-өзі жұмыспен қамтитын халықтың тұрақты өсуінің (3,3%-ға) және экономикадағы жалдамалы қызметкерлердің шамалы өсуінің (0,5%-ға) нәтижесі болды.

40-график. Жұмыссыздық деңгейі және уақытша жұмыспен қамтылмаған халық




Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

² Кредит бойынша ай сайынғы төлем / өнімді сатудан түскен кіріс


³ Дискриминантты талдау 3 қаржылық көрсеткішті қамтитын жіктеу функцияларын қолдана отырып жүргізіледі, олар: бір қызметкерге өнімді сатудан түсетін кірістің өсу қарқыны, қаржылық тәуелсіздік коэффициенті және меншікті капиталдың өсу қарқыны

41-график. 2021 жылғы үшінші тоқсанда ЭҚТ бойынша халықтың жұмыспен қамтылуына жалдамалы қызметкерлер мен өзін-өзі жұмыспен қамтитындардың қосқан үлесі, ж/ж, %




Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептері

42-график. Халықты жұмыспен қамту органдарына жұмыс іздеп жүрген адам ретінде жүгінгендер, мың адам



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

43-график. 2021 жылғы 9 ай ішіндегі ЭҚТ бойынша еңбек өнімділігі және нақты жалақы, ж/ж, %



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептері

Жалдамалы қызметкерлердің және өзін-өзі жұмыспен қамтитын халықтың артуы есебінен байланыс, денсаулық сақтау, әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету, сауда, тұру және тамақтану қызметтері сияқты экономика салаларында жұмыспен қамтылғандар саны артты (41-график, 1-топ).


Өзін-өзі жұмыспен қамтитын халықтың едәуір өсуі екінші топтағы салаларда, атап айтқанда жылжымайтын мүлікпен операцияларда, құрылыста және басқа да қызметтерде байқалады, бұл ретте осы салалардағы жалдамалы қызметкерлердің саны қысқаруда. Салалардағы өзін-өзі жұмыспен қамтитын халық белгілі бір қысқара отырып, жалдамалы қызметкерлердің өсуі есебінен өнеркәсіп пен білім беруде жұмыспен қамтудың ұлғаюы байқалды. Қысқарудың тұрақты серпіні үшінші топтағы салаларда (41-график, 3-топ) байқалады, онда ұзақ уақыт бойы жалдамалы қызметкерлер санының, атап айтқанда, көлікте, мемлекеттік басқаруда, өнерде, ойын-сауықта және демалыста төмендегені байқалады. Тұрақтандыру, еңбек нарығындағы жағдай, экономика салаларындағы экономикалық белсенділіктің жандануы экономикадағы еңбек өнімділігінің өсуін біртіндеп қалпына келтіре бастады.

Сонымен бірге, осы жылғы шілде мен тамызда елдегі эпидемиологиялық жағдайдың біршама нашарлауы кезінде үшінші тоқсанда уақытша жұмыспен қамтылмаған халықтың саны биылғы жылғы алдыңғы тоқсандардағы деңгейден асып түсті. Бұған қосаф уақытша жұмыспен қамтылмаған халықтың көбеюі аясында жұмыспен қамту органдарына халық өтініштерінің саны артты (42-график).

Еңбек өнімділігінің өсуі тау-кен өндіру өнеркәсібін, жылжымайтын мүлікпен операцияларды, әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету бойынша қызметті және басқа да қызметтерді қоспағанда, экономиканың көптеген секторларында байқалады (43-график). Қазақстан экономикасындағы еңбек өнімділігінің өсуіне қарамастан, өмір сүру және тамақтану, өнер, ойын-сауық және демалыс, жылжымайтын мүлікпен операциялар бойынша көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, экономиканың көптеген салаларында нақты жалақының өсуі еңбек өнімділігінің өсу қарқынынан асып түседі. Экономиканың көптеген салаларында еңбек өнімділігінің өсуі арқылы сақталмайтын жалақының өсуі өндірушілер тарапынан экономикадағы проинфляциялық тәуекелдерді сақтайды.

Жалақысы төмен жалдамалы қызметкерлерді қолдау үшін 2022 жылдан бастап ең төменгі жалақы 42,5 мың теңгеден 60 мың теңгеге дейін көбейтілетін болады. Елдегі қызметкерлердің құрылымына және жалақы бойынша бөлінуіне сәйкес биылғы жылы жалдамалы қызметкерлердің 7,7%-ы 60 мың теңгеге дейін жалақы алған (44-график). Келесі жылдан бастап көтерілетін ЕТЖ жалдамалы қызметкерлердің осы тобына тікелей әсер етеді. Салалар бойынша бөлгенде жалақысы 60 мыңға дейінгі қызметкерлердің көпшілігі мемлекеттік сектор салаларына шоғырланған: білім беру – 49,7%, денсаулық сақтау – 10,8% және мемлекеттік басқару мен қорғаныс – 9,8%. ЕТЖ-нің артуы орташа айлық жалақысы 60 мың теңгеден асатын жалдамалы қызметкерлерге салық салынатын базаны азайту арқылы және тиісінше, таза табыстың біршама артуы арқылы жанама түрде әсер етеді.


44-график. Қазақстан Республикасында қызметкерлердің жалақысын бөлу⁴



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

Жалақы бойынша жалдамалы қызметкерлердің ең көп саны жалақысы 150 мың теңгеден 180 мың теңгеге дейінгі топқа шоғырланған, ол жалдамалы қызметкерлердің жалпы санының 10,3%-ын құрайды. 2021 жылы Қазақстандықтардың модальдық және медиандық жалақысы осы топқа сәйкес келеді және тиісінше 173 249 және 157 863 теңге болады. 2020 жылмен салыстырғанда модальдық және медианалық жалақы сәйкесінше 2,0%-ға және 10,9%-ға өсті.

45-график. Инфляция серпіні, %



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептері


*- Маусымдық түзету 2011 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Х-12-ARIMA әдісі арқылы жүргізілді

3.4. Инфляция

2021 жылғы қарашаның қорытындысы бойынша жылдық инфляция 8,7%-ға дейін баяулап, 4-6% нысаналы деңгейден жоғары болып қала берді (45-график). Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсуі (8,3% ж/ж) азық-түлік нарығындағы және ақылы қызметтер нарығындағы дезинфляциялық процестермен теңестірілді, онда жылдық инфляцияның тиісінше 10,9%-ға және 6,4%-ға дейін баяулағаны байқалады.

Азық-түлік тауарлары бағасының жылдық өсуі ұзақ уақыт қарқын алғаннан кейін бәсеңдей бастады және қарашаның қорытындысы бойынша 10,9% болды (46-график). Жылдық азық-түлік инфляциясының қазіргі баяулауына ай сайынғы серпіннің тұрақтануы және өткен жылдың жоғары базасы жағдайында өсімдік майлары мен тоң майлардың, қант пен кондитерлік өнімдердің, сондай-ақ сүт өнімдері мен


46-график. Азық-түлік инфляциясының серпіні, %



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептері

⁴2021 жылғы сәуірде есептелген жалақы мөлшері бойынша толық ай жұмыс істеген қызметкерлер санын бөлу

47-график. Тауарлардың азық-түлік инфляциясына үлесі, ж/ж, %



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептері

жұмыртқалардың дезинфляциясы айтарлықтай үлес қосты.

2021 жылғы қарашада нан-тоқаш өнімдері мен жармалар бағасының жылдық өсуі 8,5%-ға дейін болды. Бұл ретте дәнді дақылдар бағасының 14,7%-ға ж/ж жоғары өсуі аясында өндірушілердің бағасы 2021 жылғы қазанда жылдық көрсеткіш бойынша 15,9%-ға өсті. Бұл жоғары әлемдік бағалардың сақталуына және дәнді және дәнді-бұршақты дақылдардың ішкі түсімінің қысқаруына байланысты (2021 жылғы қазанда өсімдік шаруашылығындағы өндіріс көлемі ж/ж 26,9% - ға қысқарды).

Бұл жоғары әлемдік бағалардың сақталуына және дәнді және дәнді-бұршақты дақылдардың ішкі түсімінің қысқаруына байланысты (2021 жылғы қазанда өсімдік шаруашылығындағы өндіріс көлемі 26,9%-ға ж/ж қысқарды). Осыған байланысты, өндірушілердің бағаларынан кейін тұтыну бағаларының одан әрі қымбаттайтынын көруге болады. Бұл ретте, түсімнің, әсіресе жемшөп дақылдарының төмендеуі ет, сүт өнімдері және жұмыртқа сияқты салаларға проинфляциялық қысым көрсетуі мүмкін (47-график).

2021 жылғы қарашада өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда ет өнімдері бағасының өсуі 10,7% болды, оның ішінде қой еті мен құс еті тиісінше 15,3%-ға және 17,2%-ға қымбаттады. Ет өнімдерінің қымбаттауы мал өсіру шығыстарының артуымен байланысты. Мәселен, 2021 жылғы қазанда жем-шөп дақылдарының бағасы былтырғы жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 24,2%-ға, 2021 жылғы қарашада дизель отынының бағасы 46,6%-ға өсті. Осыған байланысты, ауыл шаруашылығында ет өндірушілер бағасының өсуі 9%, оның ішінде құс еті – 14,1% болды.

2021 жылғы қарашада көкөніс бағасының өсу қарқыны жылдық көрсеткіш бойынша жоғары деңгейде қалып отыр – 24,6% (қызылша – 78,6%-ға, ақ қырыққабат – 39,8%-ға, сәбіз – 32,8%-ға, картоп – 23,7%-ға өсті). Жеміс-көкөніс өнімдері нарығындағы апельсин мен алма құнының төмендеуі аясында жеміс бағасының 4,3%-ға баяу өсуіне дезинфляциялық әсер етеді.

2021 жылдың қараша айында қант құны 0,8%-ға өсті. Бұл ретте, өткен жылдың жоғары базасы аясында жылдық инфляция 18,2%-ға дейін баяулады. СЖРА ҰСБ деректері бойынша 2021 жылғы қаңтар-қыркүйекте ішкі нарықта қант сату 4,2%-ға төмендеді. Сонымен

қатар, ішкі өндіріс 3,4 есе өсті, ал импорт 41,7%-ға қысқарды.

Әлемдік нарықта жоғары азық-түлік бағасының сақталуы азық-түлік тауарларының ішкі бағасына қосымша проинфляциялық қысым жасайды (48-график). 2021 жылғы қазанда өсімдік майының әлемдік бағасының жылдық өсімі 73,6%, қант – 40,6%, дәнді дақылдар – 22,4%, ет – 22,1%, сүт өнімдері – 15,5% болды. Бұл, өз кезегінде, импорттық азық-түлік өнімдері құнының өсуіне, сондай-ақ сыртқы және ішкі бағалар арасындағы дифференциалдың өсуі кезінде ішкі өндірушілер бағасының өсуіне әкелуі мүмкін.

Азық-түлікке жатпайтын инфляция қазанда ЖЖМ, әсіресе дизель отыны, сондай-ақ қатты отын мен автомобиль бағасының үздіксіз өсуі нәтижесінде жылдық көрсеткіш бойынша 8,3%-ға дейін қарқын алды (49-график).


Ұлттық Банктің бағалауы бойынша 2021 жылғы қарашада қатты отынның, автомобильдердің, ЖЖМ, киім мен аяқ киімнің жылдық азық-түлікке жатпайтын инфляцияға үлесі 5,7 п.т. құрады, бұл ретте соңғы айларда тауарлардың қалған санаттарының азық-түлікке жатпайтын инфляцияға үлесі айтарлықтай өзгерген жоқ (50-график).

2021 жылғы қарашада ЖЖМ-ның тұтыну бағаларының жылдық өсімі 22,3%-ға дейін жылдамдады, оның ішінде бензин бағасы 18,4%-ға және дизель отыны 46,6%-ға өсті. Отын өндірушілер бағасы өскен жағдайда (биылғы жылғы қазанда бензин – 23,7% т/ж, дизель – 7,3% ж/ж) қымбаттайды.

2021 жылғы қаңтар-қыркүйекте өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 4 есе өскен жоғары экспорт дизель құнына қосымша қысым көрсетеді. Осыған байланысты, ішкі нарықта шикізат тапшылығы пайда болды (2021 жылғы қаңтар-қыркүйекте өткен жылдың тиісті кезеңіне ішкі нарықта сату 3,6%-ға төмендеді).


ЖЖМ құнының өсуі инфляциялық процесстердің серпініне қосымша жоғары қысым көрсететінін атап өткен жөн, ол ЖЖМ өндірісінде және логистикада қолданылатын тауарлар мен қызметтердің қымбаттауы арқылы тікелей де, жанама да көрінеді.

48-график. Азық-түлік тауарларының әлемдік бағасының индексі, 2014-2016=100




Дереккөзі: БҰҰ ФАО

49-график. Азық-түлікке жатпайтын инфляция серпіні, %




Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептері

50-график. Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың салымдары, ж/ж, %




Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептері

51-график. Сервистік инфляция серпіні, %



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептері

52-график. Ақылы қызметтердің инфляциясына салымдар, ж/ж, %



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептері

2021 жылғы қарашада көмір бағасы бір айда 3,7%-ға өсті, жылдық мәнде өсім 9,3%-ға дейін жеделдеді. Тұтыну бағаларының қымбаттауы электр энергиясына, ЖЖМ бағаларының өсуі, жалақының өсуі, сондай-ақ негізгі құралдарға қызмет көрсету құнының неғұрлым жоғары болуы аясында өндірушілер бағаларының өсуінен (биылғы жылғы қазанда 6%-ға ж/ж) туындаған. Әлемдік бағалардың өсуі де ішкі бағаларға қосымша қысым көрсетеді. Сыртқы және ішкі бағалар арасындағы жоғары дифференциалды ескере отырып, Қазақстанда бағаның одан әрі өсу ықтималдығы жоғары. Қазақстандағы энергияның басым бөлігі көмірді жағу арқылы өндірілетінін назарға ала отырып, көмір бағасының өсуі электр энергиясына тарифтердің өсуіне себеп болуы мүмкін, бұл өндірушілердің бағасына елеулі қысым көрсететін болады.

2021 жылғы қарашада автомобиль бағаларының жылдық өсуі 12,9%-ды құрады. Бағаның өсуі импорттық бағаның және өндірушілер бағасының тиісінше 11,2%-ға және 10,5%-ға жоғары өсуіне байланысты болды.

2021 жылғы қарашада **ақылы қызметтер** бағасының жылдық өсу қарқынының 6,4%-ға дейін баяулауы реттеліп көрсетілетін қызметтердің дезинфляциясымен байланысты (3,1%) (51-график). Бұл ретте тұрғын үйді жалға алу – 19,8%-ға дейін, газ – 12,3%-ға дейін және білім беру қызметтеріне – 8,2%-ға дейін бағаның өсуі жалғасты.

2021 жылғы қарашада жылжымайтын мүлік бағасының өсуі, сондай-ақ карантиндік шектеулерден туындаған студенттік жатақханалардағы шектеулі орындар аясында жоғары оқу орындарының студенттері тарапынан жалға берілетін тұрғын үйге сұраныстың артуы жағдайында тұрғын үйді жалдау құны өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 19,8%-ға өсті (толығырақ 4-бокста). Құрылыс материалдары мен тұрғын үйді жөндеу қызметтері бағасының өсуі тұрғын үйді жалдау бағасының қымбаттауының қосымша факторлары болуы мүмкін. 2021 жылғы қарашада күндізгі оқу режиміне оралу және оқу орындарының шығындарының өсуі (коммуналдық төлемдер, жалақы және өзге де әкімшілік шығыстар) аясында білім беру қызметтерінің құны жылдық мәнде 8,2%-ға өсті (52-график).

Газға тұтыну бағасының өсу үрдісінің жалғасуы байқалады. Осылайша, 2021 жылғы қарашада ұқсас кезеңмен салыстырғанда газдың құны 12,3%-ға, оның ішінде тарату желілері арқылы тасымалданатын газ

құны – 5,5%-ға өсті. Газ бағасының өсуі ішкі нарықта тауарлық газды көтерме саудада сатудың шекті бағасының өсуіне байланысты⁵.

Тарифтердің қымбаттауы сұраныстың қалпына келуі жағдайында реттелмейтін қызметтердің жекелеген нарықтарында да орын алды. Сонымен, 2021 жылғы қазанда байланыс қызметтерінің құны жылдық мәнде 3,3%-ға дейін, қоғамдық тамақтандыру қызметтеріне – 8%-ға дейін, тұрғын үй-жайларды жөндеу қызметтеріне – 9,1%-ға дейін жеделдеді.

Сонымен қатар, биылғы жылғы қарашада реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтердің жылдық өсу қарқыны сумен жабдықтаудың бақыланатын дезинфляциясы – 1,3%-ға дейін, су бұру – 1,7%-ға дейін және жылу энергиясының дефляциясы (4%-ға төмендеу) жағдайында 3,1%-ға дейін баяулады.

4-бокс. Жылжымайтын мүлікті жалға беру нарығын талдау

1-график. Қазақстанда тұрғын үйді жалға алу бағасының индексі, ж/ж



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

1-кесте. Қалалар бойынша жалдау нарығындағы бағалар

	Крыша			СЖРА ҰСБ	
	ш/м үшін ең жоғары баға	ш/м үшін ең төменгі баға	ш/м үшін орташа баға	ш/м бағасы қазан 2021	Қазан 2020 қатысты өзгерістер, %
Алматы	16 667	1 000	4 627	3 157	135,0
Нұр-Сұлтан	12 245	1 215	3 514	3 443	118,0
Ақтау	10 000	857	2 507	2 359	115,2
Атырау	10 000	1 154	2 933	2 171	122,9
Шымкент	80 000	824	2 236	2 111	133,7
Барлығы	16 667	805	3 372	1 888	117,0

Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, Krishna.kz

Covid-19 пандемиясының дамуы көптеген тауарлар мен қызметтерге бағаның өсуіне себеп болды. Тұрғын үй нарығы да қалыс қалмады. 2020 жылдан бастап жоғары сұраныс пен төмен ұсыныстың арқасында көптеген елдер тұрғын үй бағасының екі таңбалы өсімін тіркеді. Тұрғын үй бағасының өсуінен кейін жалдау ақысы да айтарлықтай өсті. Алайда оның өсу қарқыны тұрғын үй бағасының өсуіне қарағанда баяу болды. Мысалы, АҚШ-та 2021 жылғы екінші тоқсанда тұрғын үй бағасы 11,1%-ға (ж/ж), ал жалдау құны 2,3%-ға (ж/ж) өсті. Еуропаның ірі елдерінде (Германия, Франция, Ұлыбритания) сол кезеңде тұрғын үй 4,3%-дан 8,4%-ға (ж/ж) дейін, ал жалға алу құны тек 1-2%-ға (ж/ж) қымбаттады. Жалдаудың жоғары өсуі Шығыс Еуропа елдерінде (Словения, Эстония, Латвия, Румыния) байқалады, онда 2021 жылғы қазанда бағаның жылдық мәнде өсуі 3%-дан 12%-ға дейін құрады.

Жалдау ақысының өсуіне шектеу шараларын алып тастау және қоғамдық орындардың жұмысын қалпына келтіру әсер еткен болуы мүмкін. Осыған байланысты қала маңындағы аймақтарға қарағанда қалаларда жылжымайтын мүлікке сұраныстың артуы байқалады. Сондай-ақ, оқу орындарының жұмысын қайта бастауға

⁵ Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2021 жылғы 3 маусымдағы № 188 бұйрығы



байланысты жас тұтынушылар арасында жалға алуға деген қызығушылықтың артуы байқалады. Сонымен қатар, әуе сапарларының қайта басталуы ірі мегаполистерде, жағалаудағы және курорттық аудандарда жылжымайтын мүлікке сұраныстың өсуіне ықпал етті.

Өз кезегінде, Қазақстанда экономикалық белсенділікті біртіндеп қалпына келтіру, қашықтан жұмыс істеу режимінен және онлайн оқытудан шығу жылжымайтын мүлік нарығындағы белсенділікті жандандырды. 2021 жылдың басынан бастап жылжымайтын мүлік нарығындағы бағалар, сату және жалдау, айтарлықтай өсуді көрсетті.

Тұрғын үйді жалға беру нарығында

бағаның өсу шыңы тамыз айына келді, ол кезде жоғары оқу орындары оқушыларының қашықтан оқыту форматынан күндізгі режимге шығуына байланысты жалға берілетін жылжымайтын мүлікке сұраныс айтарлықтай өсті. Сонымен қатар, жылжымайтын мүлік нарығындағы баға үрдісі жалпы әлемдік серпінге ұқсас болғанымен, Қазақстанда жалға алу бағасы бастапқы жылжымайтын мүлік нарығындағы сияқты қарқынмен өсуде.

Қазіргі уақытта бағаның өсу серпіні әлі де сақталуда.

Жалға беру нарығындағы ұсыныстың жоғары бағасын Krishna.kz сайтының деректері бойынша байқауға болады. 2021 жылғы 8 қарашадағы деректер бойынша Қазақстанда тұрғын үй пәтерлерін жалға берудің 9480 хабарландыруы болған. Хабарландырулар құрылымында Алматыға барлық хабарландырулардың 32,4%-ы, Нұр-Сұлтан – 22,6%-ы, Ақтау – 11,4%-ы, Шымкент – 6,1%-ы, Атырау – 4,6%-ы, басқа қалаларға – 22,9%-ы тиесілі.

Бағаның өсуі барлық қалаларда тіркелді. Атап айтқанда, сырттан келген студенттер мен жұмыс күшінің шоғырлануына байланысты ішкі көші-қонның жоғары оң сальдосын (2021 жылғы 9 айда: Алматы +21 718 адам, Нұр-Сұлтан – +22 346 адам, Шымкент – +9 568 адам) ескере отырып, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент ірі қалаларында айтарлықтай өсім байқалады. Ел бойынша жалға алудың ең қымбат шаршы метрлері, ҰСБ деректері бойынша, ірі қалаларға, сондай-ақ Ақтау және Атырау қалаларына тиесілі. Бұл үрдіс Krishna.kz деректерімен де расталады. Сайттан деректерді жинау ерекшеліктерін (бір күнге деректер қимасы), өңірлердің толық қамтылмауын, сондай-ақ тұрғын үйлердің барлық деңгейлерінің орташа көрсеткіштерін есептеуде есепке алуды (ТБИ-де өте қымбат тұтыну қызметтері мен тауарлары есепке алынбайды) ескере отырып, Алматы қаласы бойынша және ел бойынша орташа баға деңгейінде айырмашылықтар бар (1-кесте).

Деректерге сәйкес Krishna.kz бір бөлмелі және төрт бөлмелі тұрғын үйлер бір шаршы метрге ең жоғары бағаға ие, бұл халық тарапынан үлкен сұранысты көрсетеді. Бұл ретте өңірлік бөліністе мұндай үрдіс аздап өзгеше болады, мысалы, Алматы қаласында бір бөлмелі және екі бөлмелі пәтерлерді жалға алудың бір шаршы метрінің құны бір деңгейде дерлік, Нұр-Сұлтан қаласында бір бөлмелі тұрғын үйдің шаршы метрінің құны жоғары, ал Атырау қаласында екі және үш бөлмелі тұрғын үйге шаршы метрдің неғұрлым жоғары жалдауы байқалады. Өңірлік бөліністегі халықтың қалауындағы айырмашылық демографиялық ерекшеліктермен (үй шаруашылығының шамасы), ішкі көші-қонның оң сальдосының болуымен байланысты болуы мүмкін.

Биылғы жылғы қазандағы қорытынды бойынша жылжымайтын мүлік және жалдау нарығында бәсеңдеу байқалмайды. Бағалар жыл бойы тұрақты болып қалған кейбір өңірлерде 2021 жылғы қазанға қарай бағалардың жеделдеуі тіркеледі (Орал, Қостанай).

Коронавирустың қайта өршуі және онымен байланысты шектеу шаралары жылжымайтын мүлікті жалға беру нарығының одан әрі дамуына қатысты белгісіздік тудыруда.

Қыркүйек-қазан айларында халықтың инфляциялық күтулері жоғары деңгейде қалды.

2021 жылғы қазанда инфляцияның бір жыл алға сандық бағасы 10,3%-ды құрады (53-график). Респонденттердің ең көп үлесі келесі 12 айда бағаның өсуінің жеделдеуін күтуде – респонденттердің 33% (өткен жылғы қазанда – 23%), бұл ең жоғары тарихи мәнге айналды.

Соңғы айларда инфляцияны қабылдау жоғары деңгейде сақталуда. Биылғы жылғы шілде-қазанда респонденттердің көпшілігі өткен жылы бағаның тез өсуін байқады. Биылғы жылғы қазанда үй шаруашылықтарының көпшілігі азық-түлік, атап айтқанда ет пен құс еті, нан-тоқаш өнімдері, өсімдік майы, жеміс-көкөніс өнімдері бағасының ерекше өсуін атап өтті. Сондай-ақ ЖЖМ, ТКШ, киім және аяқ киім қызметтерінің қымбаттауы байқалды.

Қазанда тұтынушылық көңіл-күй өзгерген жоқ, елдің даму перспективаларын бағалау біршама жақсарды. Бұл ретте ағымдағы және болашақ материалдық жағдайдың бағалауында нашарлау байқалды. Осыған байланысты респонденттер азық-түлік сатып алуды жиі үнемдей бастады.

Сонымен қатар, сұралғандардың кредиті, оның ішінде тұтынушылық кредиті бар үлесінің артқаны байқалады (б.ж. шілдеде 30%-дан б.ж. қазанда 33%-ға дейін).

3.5 Фискалдық саясат

2021 жылғы он айдың қорытындысы бойынша бюджеттің жалпы және мұнайға жатпайтын тапшылығы өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда неғұрлым төмен деңгейде қалыптасты. Биылғы жылы бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінің өсуі байқалады. Бұл ретте қаржы активтерін сатып алуға арналған бюджет шығыстары төмендеді.


2021 жылғы қаңтар-қазанда республикалық бюджет тапшылығы 2020 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 1,1%-ға қысқарып, 2,2 трлн теңге (2021 жылғы 9 айда – ІЖӨ-ге 2,8%) болды. 2021 жылғы қаңтар-қазанда ресми трансферттердің кіріс бөлігіне 4 292 млрд теңге сомасында түсті, оның ішінде ҚРҰҚ-дан кепілдік берілген трансферт 2 424 млрд теңгені, нысаналы трансферт – 1 398 млрд теңгені, төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер – 470 млрд теңгені құрады.

53-график. Инфляция және күтілетін инфляция, ж/ж, %




Дереккөзі: КС МНЭ, FusionLab

54-график. Республикалық бюджет кірістерінің құрылымы



Дереккөзі: ҚР Қаржымині

55-график. Республикалық бюджеттің жалпы және мұнайға жатпайтын тапшылығы, ІЖӨ-ге %



Дереккөзі: ҚР Қаржымині

Мұнайға жатпайтын бюджет тапшылығы (Ұлттық қордан берілетін трансферттерді және шикі мұнайға кедендік әкету баждарын есепке алмағанда, бюджет тапшылығы) Ұлттық Банктің бағалауы бойынша 2021 жылғы қаңтар-қыркүйекте 6,1 трлн теңге (2021 жылғы 9 айда – ІЖӨ-ге 11,5%) болды, бұл 2020 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 4,8%-ға аз (54-график).

Қазіргі уақытта 2022-2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы заң жобасы әзірленді. Үш жылдық республикалық бюджет коронавирус дағдарысының салдарын еңсеру үшін жалпыұлттық басымдықтарды іске асыруға бағытталатын болады. Бюджеттің әлеуметтік бағыттылығын сақтау көзделеді (әлеуметтік салаға арналған шығыстар жалпы көлемнен

2022 жылы 50,8%-ды, 2024 жылы – 59,8%-ды құрайды), бұл әлеуметтік төлемдерді индекстеумен, педагогтердің, медицина қызметкерлерінің жалақысын өсірумен және әлеуметтік объектілер салумен қамтамасыз етілетін болады. Экономиканың нақты секторын дамытуды қолдау шеңберінде «Нұрлы жол», «Нұрлы жер», агроөнеркәсіптік кешенді дамыту, «ҮИИДМБ», «БЖК-2025» мемлекеттік бағдарламаларын іске асыруды жалғастыру үшін қаражат бөлу жоспарлануда.

2021 жылғы қаңтар-қазанда республикалық бюджеттің кірістері 2020 жылмен салыстырғанда 9,9%-ға ұлғайды және 9,9 трлн теңге (бюджет кірістеріндегі үлес 54,8%-ды құрады) болды. Кірістердің өсуінің негізгі себебі карантиндік шектеулерді біртіндеп жеңілдету және экономикалық белсенділікті қалпына келтіру аясында салық түсімдерінің ұлғаюы (36,1%-ға) болып табылады. Салықтардың ең көп өсуі көтерме-бөлшек саудада, өңдеу және тау-кен өнеркәсібінде байқалады. Бұл ретте, 2021 жылғы он айда ресми трансферттер түсімдері, көлемі 12,0%-ға қысқарған Ұлттық қордан берілетін трансферттерді қысқарту есебінен 9,9%-ға (бюджет кірістеріндегі үлес 43,3%-ды құрады) төмендеді.

Салықтық емес түсімдердің 30,6%-ға қысқаруы республикалық меншіктегі («Самұрық-Қазына» ҰАҚ) АҚ бойынша) акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер бойынша түсімдердің азаюына байланысты.

Сонымен қатар, әкімшілік айыппұлдардан, өсімпұлдардан және мемлекеттік органдар салатын санкциялардан түсетін түсімдердің өсуі байқалады.

Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдердің 3,9 есе өсуі аукцион өткізу арқылы мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын («Петрофан» ЖШС және «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ материалдық резервінен дизель отынын сату) сатудың ұлғаюына байланысты (55-график).

2021 жылғы қаңтар-қазанда республикалық бюджет шығыны 2020 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 9%-ға ұлғайып, 11,8 трлн теңге болды. Республикалық бюджет шығындарының өсуіне білім беру – 55,6%-ға (үлесі – 8,8%), денсаулық сақтау – 27,0%-ға (үлесі – 13,8%) және борышқа қызмет көрсету – 29,2%-ға (үлесі – 7,7%) негізгі үлес қосты. Сонымен қатар, әлеуметтік көмек пен әлеуметтік қамтамасыз ету шығындары 0,6%-ға (үлесі – 27,4%) өсті.

Ақша базасы Ұлттық Банктің кассаларындағы қолма-қол ақшаны қоспағанда, Ұлттық Банк айналымға шығарған қолма-қол ақша, банктердің аударылатын және басқа да депозиттері, банктік емес қаржы ұйымдарының аударылатын депозиттері және Ұлттық Банктегі теңгедегі мемлекеттік және мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдардың ағымдағы шоттары.

Ақша-кредит саясатының трансмиссиялық тетігі – ақша-кредит саясаты құралдарының экономиканың өсуі, инфляция сияқты соңғы макроэкономикалық көрсеткіштерге әсер ету процесі. Тар ақша базасы – бұл банктердің Ұлттық банктегі басқа депозиттерін есептемегенде ақша базасы.

Ақша-кредит саясатының трансмиссиялық тетігінің пайыздық арнасы – пайыздық мөлшерлемелерді реттеу арқылы орталық банктің экономикаға әсерін сипаттайтын трансмиссиялық тетік арнасы.

Ақша массасы (М3) Ұлттық Банк пен банктер баланстарының шоттарын шоғырландыру негізінде айқындалады. Ол айналыстағы қолма-қол ақшадан және ұлттық және шетел валютасындағы банктік емес заңды тұлғалар-резиденттер мен халықтың аударылатын және басқа депозиттерінен тұрады.

Аударылатын депозиттер – бұл барлық депозиттер, олар: 1) кез-келген уақытта номиналы бойынша айыппұлсыз және шектеусіз ақшаға айналдыруға болады; 2) чек, тратта немесе май тапсырмасы арқылы еркін аударылады; 3) төлемдерді жүзеге асыру үшін кеңінен қолданылады, аударылатын депозиттер тар ақша массасының бөлігі болып табылады. Басқа депозиттерге, негізінен, белгілі бір уақыт өткеннен кейін ғана алынуы мүмкін жинақ және мерзімді депозиттер жатады немесе оларды қарапайым коммерциялық операцияларда пайдалану үшін ыңғайлы етпейтін және негізінен жинақтау механизмдеріне қойылатын талаптарға жауап беретін әртүрлі шектеулер бар. Бұдан басқа, басқа депозиттерге аударылмайтын салымдар мен шетел валютасында көрсетілген депозиттер де кіреді.

Еркін өзгермелі айырбастау бағамы. ХВҚ-ның өзгермелі валюта бағамы режимі шеңберіндегі қолданыстағы жіктеуі бойынша орталық банк бағамның нарықтық факторлардың әсерінен қалыптасуына мүмкіндік беретін бағамның деңгейі немесе өзгеруі үшін бағдарларды, оның ішінде операциялық бағдарларды белгілемейді. Бұл ретте орталық банк ұлттық валюта бағамының құбылмалылығын тегістеу немесе оның шамадан тыс өзгеруінің алдын алу үшін, сондай-ақ қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін ішкі валюта нарығына тұрақты емес әсер етуді жүзеге асыру мүмкіндігін өзіне қалдырады.

Инфляция – тауарлар мен қызметтер бағасының жалпы деңгейін арттыру. Қазақстанда инфляция тұтыну бағаларының индексімен өлшенеді.

Инфляциялық таргеттеу – бұл инфляцияның мақсатты деңгейіне жетуге бағытталған ақша-кредит саясатының режимі.

Кері РЕПО – алдын ала белгіленген баға бойынша белгілі бір мерзімнен кейін кері сату міндеттемесімен бағалы қағазды сатып алу мәмілесі, Ұлттық Банк Ұлттық Банктің кепілмен қамтамасыз ету тізбесіне сәйкес бағалы қағаздар кепілімен банктерге теңгелік өтімділікті беру мақсатында кері РЕПО операцияларын жүргізеді. Ашық нарық операциялары – базалық мөлшерлемеге жақын пайыздық мөлшерлемелердің деңгейін қалыптастыру мақсатында ақша нарығындағы өтімділікті ұсыну немесе алып қою үшін Ұлттық Банктің аукциондар нысанындағы тұрақты операциялары.

Нақты айырбастау бағамы – екі елде өндірілетін тауарлардың салыстырмалы бағасы: елдер арасындағы тауарлар алмасуының пропорциясы. Нақты бағам номиналды бағамға, валюта бағамдарының арақатынасына, ұлттық валютадағы тауарлар бағасына байланысты.

Негізгі капиталдың жалпы жинақталуы – өндіріс процесінде ұзақ уақыт бойы пайдаланылатын қаржылық емес активтердің өсуі. Негізгі капиталдың жалпы жинақталуы мынадай компоненттерді қамтиды: а) істен шығуды шегергендегі жаңа және қолданыстағы негізгі қорларды сатып алу; б) өндірілген материалдық активтерді ірі жақсартуға арналған шығындар; в) өндірілмеген материалдық активтерді жақсартуға арналған шығындар; г) өндірілмеген шығындарға меншік құқығын беруге байланысты шығыстар.

Тұрақты қол жеткізу операциялары – ашық нарық операцияларының нәтижелері бойынша қалыптасқан өтімділік көлемдерін түзету жөніндегі ақша-кредит саясатының құралдары, тұрақты тетіктер екі жақты мәмілелер шеңберінде жүзеге асырылады, мұнда мәміленің бір тарапының субъектісі Ұлттық Банк болып табылады. Бұл операциялар банктердің бастамасы бойынша жүргізіледі.

Тұтыну бағаларының индексі – халық тұтыну үшін сатып алатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге бағалардың жалпы деңгейінің өзгеруі. Инфляцияны есептеуге арналған Қазақстанның тұтыну қоржыны үй шаруашылықтары шығыстарының құрылымын көрсетеді және халықты тұтытуда ең көп үлес салмақты алатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді қамтиды, ТБИ ағымдағы кезең бағаларындағы тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің тіркелген жиынтығы құнының алдыңғы (базистік) кезең бағаларындағы оның құнына қатынасы ретінде есептеледі. Индексті Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті есептейді.

Тұтынушы себеті – бұл адамның немесе отбасының айлық (жылдық) тұтынуының типтік деңгейі мен құрылымын сипаттайтын тауарлар мен қызметтер жиынтығы. Мұндай жинақ қолданыстағы бағалардағы тұтыну себетінің құнына сүйене отырып, ең төменгі күнкөріс деңгейін есептеу үшін қолданылады. Тұтыну себеті сонымен қатар тұтынудың есептік және нақты деңгейлерін салыстыру базасы, сондай-ақ валюталардың сатып алу қабілетін анықтауға негіз болады.

Тікелей РЕПО – алдын ала белгіленген баға бойынша белгілі бір мерзімнен кейін кері сатып алу міндеттемесімен бағалы қағазды сату мәмілесі, Ұлттық Банк артық теңгелік өтімділікті алу мақсатында тікелей РЕПО операцияларын жүргізеді.

Шығарылым алшақтығы. Әлеуетті шығарылымның пайызымен көрсетілген ІЖӨ ауытқуы. Белгілі бір уақыт аралығында нақты ІЖӨ мен әлеуетті ІЖӨ арасындағы айырмашылықты білдіреді. Елде пайдаланылатын ресурстардың тиімділігін көрсететін индикатор ретінде қызмет етеді. Нақты шығарылым әлеуетті шығарылымнан асып кеткен жағдайда (оң алшақтық), өзге де тең жағдайларда, экономиканың қызып кетуіне байланысты бағаның өсу қарқынын жеделдету үрдісін қалыптастыру күтіледі.

Ықтимал шығарылым. Ол экономикадағы өндіріс деңгейін көрсетеді, оған өндіріс факторлары толық жүктелген және толық жұмыспен қамтылған кезде қол жеткізуге болады. Бағаның өсу қарқынының өзгеруіне алғышарттар жасамай өндіруге және іске асыруға болатын өнім көлемін көрсетеді.

Ішкі жалпы өнім (ІЖӨ) – пайдаланылған өндіріс факторларының ұлттық тиістілігіне қарамастан тұтыну, экспорт және жинақтау үшін мемлекет аумағындағы экономиканың барлық салаларында бір жыл ішінде өндірілген барлық түпкілікті тауарлар мен қызметтердің нарықтық құнын көрсететін көрсеткіш.

Экономиканы долларландыру – бұл шетел валютасы (көбінесе АҚШ доллары) ел ішінде немесе оның экономикасының жекелеген секторларында операцияларды жүзеге асыру үшін қолданыла бастайтын жағдай, ұлттық валютаны ішкі ақша айналымынан шығарып, жинақтау құралы, құн өлшемі және төлем құралы ретінде әрекет етеді.

TONIA мөлшерлемесі – мемлекеттік бағалы қағаздармен автоматты репо секторында биржада жасалған, бір жұмыс күні мерзімге репо ашу мәмілелері бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлемені білдіреді.



НЕГІЗГІ ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

б.т. – базистік тармақ

БҰҰ ФАО – Біріккен ұлттардың азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы

ГӨЗ – газ өңдеу зауыты

ДМ – дамушы нарықтар

ЕТЖ – ең төменгі жалақы

ЕО – Еуропалық Одақ

ЕОБ – Еуропалық орталық банк

ЖЖМ – жанар-жағармай материалдары

ИИДМБ - Индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы

ҚҚБ – Қазақстан қор биржасы

ҚОҚ – «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ

ҚР Қаржымині – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

ҚРҰБ – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

ҚРҰҚ – Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры

МБҚ – мемлекеттік бағалы қағаздар

Млн – миллион

Млрд – миллиард

МӨЗ – мұнай өңдеу зауыты

НТАБ – нақты тиімді айырбастау бағамы

ОПЕК – мұнай экспорттаушы елдер ұйымы

п.т. – пайыздық тармақ

Ресстат – Ресей Федерациясы мемлекеттік статистикасының федералдық қызметі

РФ ОБ – Ресей Федерациясының Орталық Банкі

СЖРА ҰСБ – Стратегиялық жоспарлау және реттеу агенттігі Ұлттық статистика бюросы

ТБИ – тұтыну бағаларының индексі

Трлн – триллион

ТШО - Теңізшевройл

ҰЭМ – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі

ФРЖ – Федералды резервтік жүйе

ХВҚ – Халықаралық валюта қоры

ІЖӨ – Ішкі жалпы өнім

ЭДМ – Ресей Федерациясының Экономикалық даму министрлігі

ЭҚТ – Экономикалық қызмет түрлері

